# Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13 АҚПАН СЕНБІ 2016 жыл №22-23 (19107-19108) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz


● ПРЕЗИДЕНТ

## ЕЛБАСЫ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

**Кеше Ақордада Елбасы ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовпен кездесті. Кездесу барысында Қазақстанның қарусыздану және ядролық қаруды таратпау саласындағы қызметінің негізгі бағыттары талқыланды.**

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қоюының 25 жылдығы аясында өтетін іс-шараларға дайындық мәселелері қарастырылды.

Нұрсұлтан Назарбаев геосаяси ахуалдың күрделілігін ескере отырып, бейбітшілік пен қауіпсіздік қағидаттарын халықаралық ауқымда әрі қарай ілгерілетудің маңыздылығын айтты.

О.Сүлейменов өз кезегінде жаһандық антиядролық қозғалысқа мемлекеттердің ғана емес, қоғамдық ұйымдардың күш-жігері мен азаматтық бастамаларды жұмылдыру қажеттігіне назар аударды.

## ЖАСАМПАЗДЫҚПЕН ЖАҢА БЕЛЕСКЕ

БЕЙСЕНБІ КҮНІ АСҚАР ТОҚМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XIX КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ. ЖИЫННЫҢ КҮН ТӘРТІБІНДЕ «ҚАЗАҚСТАН – 2021: БІРЛІК. ТҰРАҚТЫЛЫҚ. ЖАСАМПАЗДЫҚ» АТТЫ ПАРТИЯНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ, «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНАН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫ САЯСИ КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҮШ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ.





Партия филиалының төрағасы, облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен конференция жұмысына саяси кеңес мүшелері, партия белсенділері мен ардагерлері, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілері, «Жас Отан» жастар қанатының және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты.

Басқосудың бірінші мәселесі бойынша партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Наурызбай Байқадамов баяндама жасады. Ол өз сөзінде ең алдымен партияның «Қазақстан. 2017 мақсаттары. Ұлттық іс-қимыл жоспары» атты сайлауалды тұғырнамасының негізгі бағыттары мерзімінен бұрын жүзеге асқандығын атап өтті.

Айта кетейік, «Нұр Отан» партиясының құрылғанына биыл 17 жыл толады. Осынау уақытта Қазақстан экономикасы әр жылда орта есеппен 7 пайызға өсіп отырды. Осы жылдар ішінде ел экономикасы 21 есеге, жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 17 есеге, халықтың табысы 12, зейнетақы орта есеппен 10 есеге артты. Ең бастысы, осы кезеңде Қазақстан халқы саны үш миллион адамға өсіп, 17,6 миллионға жетті.

Содан соң Н.Байқадамов жаңа жаһандық сын-қатерлерге тікелей жауап болатын «Қазақстан – 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» атты жаңа сайлауалды бағдарламаның мақсат-міндеттері мен басымдықтарын жеке-жеке түсіндірді. Атап айтқанда, бүгінде әлемдік экономикалық, валюта, геосаяси, миграциялық дағдарыстар мен әлемдік экстремизм қаупі өршіп тұр. Осындай нақты ахуал жағдайында партияның тұғырнамасы дайындалды. Оның төрт бағыты бар – іс-қимылдың нақты жоспары, экономикалық қайта өзгерту бағыттары, жаңа әлеуметтік саясат, қауіпсіздік және тұрақтылық.

Н.Байқадамовтың баяндауынша, партия индустриялық дамуды, кәсіпкерлерді ынталандыруды, орта тапты қалыптастыруды, IT технологияның мүмкіндіктерін кеңейтуді және басқа да міндеттерді орындауды мұрат етіп отыр. Бұдан бөлек, жаңа әлеуметтік саясат бойынша, 1-наурыздан бастап «азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы жұмыс істейді.

Сонымен бірге, бағдарламада мемлекет тарапынан халықтың жекелеген топтарын әлеуметтік қорғаудың нақты шаралары қарастырылыпты. 2018 жылдан бастап, тұрғындардың азық-түлік, басқа да тауарларына кететін шығыны есепке алынып, күнкөріс минимумы қайта қаралмақ.

– Жаппай жұмыссыздықтың алдын-алуды жаһандық дағдарысқа қарсы тұрудың шешуші факторы деп санап, «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы қайта күшейтілетін болады. Тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында партия жалға берілетін үй жүйесіне басымдық береді, – деді партия филиалы төрағасының орынбасары.

Бұдан бөлек, ол денсаулық және білім салаларын халықаралық стандарттарға барынша жақындату, міндетті медициналық сақтандыруға көшу, тегін кәсіптік-техникалық білім беру жөнінде айтты.

Негізгі баяндамадан соң жарыссөзге кезек берілді. Партия ардагері, Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасы, профессор Қазыбай Құдайбергенов «Нұр Отан» партиясының ел дамуындағы жүзеге асырған жұмыстары елеулі, тындырымды және болашақ мақсаты айқын екенін жеткізді. Ардагер, әсіресе өңірдегі әлеуметтік саланың, соның ішінде білім беру ісінің озық дамып жатқанын тілге тиек етті.

Ал, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова зиялы қауымының Мәңгілік Ел идеясын өскелең ұрпаққа насихаттаудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, елдік пен бірлікті ту еткен мағыналы іс-шараларда ақын-жазушылар, ғалымдар белсенділік көрсетіп келеді.

Сонымен қатар, «ГРЭ №23» бастауыш партия ұйымының төрағасы, «Волковгеология» акционерлік қоғамының директоры Қадырқұл Қойкелдиев тау-кен металлургиясын қайта өңдеу арқылы экспортты 20 пайызға өсіру, мұнай-газ саласында геологиялық барлауды белсенді жүргізу, жалпы, индустриялық даму төңірегінде әңгіме өрбітті.

2-бет

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2013 жылғы 15 тамыздағы №615 Жарлығына сәйкес, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев 2016 жылғы 17 ақпанда сағат 11.00-де Н. Бекежанов атындағы драма театрда халық алдында есеп береді.**

**Халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлері үшін арнайы жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған:**

**Арал ауданы бойынша: Аудан әкімі аппараты және қала әкімі аппаратының ғимараты.**

**Қазалы ауданы бойынша: Әйтеке би кенті әкімі аппараты, Қазалы қаласы әкімі аппараты, қалалық мәдениет үйі ғимараттары, «Қазпошта» аудандық байланыс ғимараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, темір жол вокзалы, автовокзал, «Ырыс-Болашақ» базары.**

**Қармақшы ауданы бойынша: Жосалы кенті әкімі аппаратының ғимараты, темір жол вокзалы, «Халық Банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» аудандық байланыс ғимараты.**

**Жалағаш ауданы бойынша: Аудан әкімі аппаратының ғимараты, аудандық мәдениет үйі, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараты.**

**Сырдария ауданы бойынша: Кент әкімі аппаратының ғимараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлы-техникалық колледжі.**

**Шиелі ауданы бойынша: Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық Банк» АҚ аудандық бөлімшесі, мемлекеттік кірістер басқармасы ғимараты, темір жол вокзалы.**

**Жаңақорған ауданы бойынша: Кент әкімі аппаратының ғимараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы.**

**Қызылорда қаласы бойынша: Темір жол вокзалы, автовокзал, әуежай, «Жайна», «Айтбек», «SMALL», «Универсам», «Сырдария» сауда үйлері, М. Ералиева атындағы мәдениет үйі, «Жаңа базар» базары.**

**Ескертпе: Барлық аудандардағы, Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттерде әкім аппараты немесе ауылдық клуб ғимараттарында жәшіктер орналастырылған.**

● ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

**Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жаңадан құрылған Қоғамдық кеңес алдында есеп берді. Қоғамдық кеңес Мемлекет басшысының «5 институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша «100 нақты қадам – Ұлт жоспарының» 99-қадамына сәйкес, 2015 жылғы 2 қарашада қабылданған ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қызылорда облыстық мәслихатының №44 сессиясы шешімімен құрылды.**

## БИЛІКТІҢ КӨЗІ – ХАЛЫҚ

Жаңадан құрылып отырған Қоғамдық кеңес азаматтық қоғамның мүдделері мен жергілікті деңгейде шешімдерді талқылау мен қабылдау барысында жұртшылықтың пікірі мен мүддесін қорғайды, жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының азаматтық қоғаммен өзара қарым-қатынасын дамытады және қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жергілікті атқарушы органдары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету міндеттерін атқаратын болады.

Заң негізінде Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурстың нәтижесінде ұсынылған 62 үміткердің, 33-і мүшелікке іріктеліп алынды. Оның құрамына облыс аумағында жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдардың, саяси партия филиалдарының өкілдері, ғылыми және шығармашылық, зиялы орта мен жастар өкілдері кірді.

Отырысты Қоғамдық кеңес төрағасы Самұрат Имандосов жүргізіп отырды. Ол күн тәртібінде бір ғана мәселе – облыс әкімінің аймақтың 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайлы есеп беруі екенін хабарлады. Мұнан соң облыс әкімінің есебі тыңдалды.

Аймақ басшысы облыс әкімінің 2015 жылға арналған Іс-қимыл жоспары әлемдік экономикалық дағдарыс жайын ескере отырып қабылданғанын еске салып өтті. Ол Іс-қимыл жоспарына барлығы 151 шара кіргенін, оның 90 пайызы толық орындалғанын жеткізді. Ал қалған ұзақ мерзімді шаралар орындалу үстінде және олар 2016 жылға арналған Іс-қимыл жоспарында жалғастырылатынын мәлімдеді.

Облыс басшысы өзінің есебін беріп болғаннан кейін Қоғамдық кеңес мүшелері өздерінің пікірін білдірді. Кеңес мүшесі Әлима Әбдіхалықова аймақтағы білім саласындағы соңғы жылдардағы жетістіктерге тоқталып өтті. Үш ауысымдық мектеп мәселесі шешілді. «Балапан» бағдарламасының орындалуы нәтижесінде көптеген аналар жұмысқа шығу мүмкіндігіне ие болды. ҰБТ көрсеткіштері айтарлықтай өсті. Оқушыларымыз тек республикалық қана емес, халықаралық олимпидаларға қатысып, жеңістерге жетуде. Осындай жарысқа қатысқан 84 оқушының 46-сы жүлдегер атанды. Болашақта экономикамызды дамытатын мамандарымыз шет елдерде білім алуда. Әсіресе, Ресейде оқып жатқан балаларымыз облыс әкімінің қолдауын сезініп келеді. Ұстаздардың білімін жетілдіру мәселесі жолға қойылды. Жастар үшін қажетті мамандықтарға оқу мүмкіндігі ашылды. Ә.Әбдіхалықова аймақ басшысына білім саласындағы стратегиясы үшін алғыс білдіріп, табыс тіледі.

Кеңес мүшесі Әнуар Дәуленбаевтың Байқоңырдың болашағы туралы сұрағына облыс басшысы толымды жауап берді. Ресей үкіметі осындағы бюджетін қысқарта түскен сайын ондағы қазақстандық азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар арта беретін болады. Алдағы маусым айында Байқоңыр мәселесі жөніндегі Үкіметаралық комиссия отырысы Қызылорда қаласында өтетін болады. Сонда барлық мәселелер талқыланады. «Роскосмос» басшысы Комаров жақында Қызылорда қаласында болып кетті, сол кезде көп мәселе ортаға салынған. Байқоңырдың бас жоспары Үкіметте бекітіліп, көптеген нысандар Қазақстан қарамағына алынған.

«САРАТС» жобасының екінші кезеңіне қатысты сауалды кеңес мүшесі Алдаберген Жоланов қойды. Облыс басшысы екінші кезеңді іске асыру үшін Өзбекстанмен арадағы кейбір мәселелер бойынша ортақ келісімге келу қажеттігін айтты. Алдағы уақытта оны шешудің айқын нұсқалары бар екенін жеткізді.

Отырыста, сондай-ақ, кеңес мүшелері Владимир Толоконников, Бағдат Кәрбозов облыс әкімінің есебіне оң бағасын берді. Сейілбек Шаухаманов Сырдария ауданынан басталып, бүкіл республикада қолдау тауып отырған Қоғамдық кеңес «Биліктің бірден-бір көзі – халық» деген ұғымды іске асырудың бір тетігі болғанын атап өтті. Ол облыста жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын айта келе, алдағы бастамаларға сәттілік тіледі.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

● ЭКСПОРТТЫҚ ӨНІМ

## КҮРІШІН КӨРШІ ЕЛДЕРГЕ ШЫҒАРАДЫ

**Аймақта аграрлы саланы дамытуда тың серпіліс бар. Оның ішінде, күріш шаруашылығының көкжиегін кеңейтуге баса назар аударылған. Бұл бағытта агроөнеркәсіп кешенін қалыптастырып, ақ маржанның әлеуетін арттыру бағытында ілкімді жұмыстар атқарылуда. Соның бір айғағы –жаңақорғандық «Тасболат-А» ЖШС ақталған күрішті ел ішінде ғана емес, шетелге экспортқа шығару мәселесін жүйелі жолға қойған. Бұл кәсіпорын алтын дәнін Шиеліге егіп, өнімін Жаңақорғанда ақтайды. Бақытжан Сағындықұлы жетекшілік ететін серіктестіктің серпінді тірлігін тақырыпқа арқау етуді жөн көрдік.**



«Тасболат-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің негізі 2012 жылы қаланған. Еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған Бақытжан Тасболатов өз ісінің маманы. Алғашқыда Қожакент ауылынан күріш егуді бастап, кейіннен көршілес Шиелі ауданынан серіктестер тапты. Былтыр серіктестік «Байсын» шаруа қожалығымен келісім-шарт жасасып, 641 гектар жерге күріш екті. Одан бөлек «Алтын дән», «Ақниет-2», «Нұрсанат» шаруа қожалықтарының суармалы егістігіне күріш дақылын егіп, минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз етті. Сондай-ақ, Бидайкөл, Гигант, Ы.Жақаев, Жаңа тұрмыс ауылдарының каналын қазып, ауыспалы егістікті жаңадан игеруге белсенді атсалысты. Бүгінде Жаңақорғанда орналасқан күріш ақтау зауыты тәулігіне 60 тонна қара күрішті ақтауға қауқарлы. Қытайда құрастырылған зауыттың тартылған күріш, аушақ, кебек, күрмек, өзге де жем түрлерін шығаруға мүмкіндігі мол. Бұған қоса, серіктестіктің бес мың тонналық қара күріш сақтау қоймасы мен елу тонналық электронды таразысы, темір жол тұйығы бар.

– Маусымдық кезеңде жұмысшылар саны елуден асса, бүгінде отызға жуық. Былтыр мың гектар жерге күріш ектік. Одан 2000 тоннаға жуық Сыр маржанын орып, ақтадық. Қазір заманауи зауыттың мүмкіндігін пайдаланып, стандартқа сай өнім өңдеудеміз. Сыр маржанын Қарағанды, Шымкент, Алматы, Атырау қалаларына сатамыз. Сонымен қатар, Кедендік Одақтың аясында көршілес мемлекеттерге өнімді саудалауға даңғыл жол ашылды. 2014 жылы Ресейге – 600, Әзірбайжанға – 200, Қырғызстанға 800 тонна ақталған күріш экспорттадық. Одан бөлек Тәжікстан, Өзбекстанда тұрақты тұтынушыларымыз бар. Өздеріңізге белгілі, биыл 1 қаңтардан бастап Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына толық мүше болды. Демек, біздің экспорттық әлеуетіміздің үлес салмағы артып, өзге де шет мемлекеттермен ынтымақтастық орнатудың көкжиегі кеңейді, – дейді «Тасболат-А» ЖШС директоры Б.Тасболатов.

Иә, қолда бар дерекке сүйенсек, Сыр маржанының 25 пайызы жақын және алыс шет мемлекетке саудаланады екен. Сыртқы сауда аймақтың экономикалық өсуінің қуатты факторы болып табылады. Әрі халықаралық қауымдастыққа мүшелікті пайдалана отырып, отандық өнімнің өрісін кеңейтуге оң ықпалын тигізері айқын. Әрине, сыртқы сауда нарқы артқан уақытта зауыт жұмысшыларының жалақысы да жақсы болары сөзсіз. Қазірде қыс айы болғандықтан күріш ақтау зауытында жиырмаға жуық жұмысшы қызмет етуде.

Елбасы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа арнаған Жолдауында: «Мен жастарымызды жұмысшы мамандығын белсенді меңгеруге шақырамын. Жұмысшы мамандықтарын меңгеру керек. Кезінде мен де жұмысшы киімін киюден бастадым, домна пеші от жалынының жанында тұрдым. Үлгі алыңдар! Жылдар өтеді, бірақ, осы өмірлік тәжірибелерің, сендер қандай өмір жолын таңдап алсаңдар да, міндетті түрде кәделеріңе жарайды» деп, ел жастарын қарапайым жұмысшы болуға үндеді. Елбасының «Әлің барда еңбек ет, еңкейгенде емерсің» деген есті сөзді өмірлік ұстанымға айналдыру бастамасын зауыттың жас жұмысшысы Нұрсұлтан Өскенбаев та қолдайды.



– Негізі жұмыстың жаманы жоқ. Қазір жұмыс таңдайтын заман емес. Өзім осында күріш қаптаймын. Жалақы да уақытылы. Зауыт толық автоматтандырылған. Сондықтан жұмысымыз ауыр емес. Еңбек адамы болған маған ұнайды. Маңдай термен келген нәпақа берекелі болады, – дейді ол.

Орайы келгенде айта кету керек, серіктестік «Садақаны сауыңда бер» деген аталы сөзді өмірлік ұстанымға айналдырған. Үнемі өңірдегі мешіт-медреселерге қап-қап ақ маржанын Алла ризалығы үшін берсе, мекеме жанында орналасқан №125 орта мектепке де қаржылай қолдау көрсетіп тұрады.

Жаңа жаһандық ахуалда серіктестік күріш өндірісіне қоса, құрылысқа қажетті шлакоблок өнімін шығаруды қолға алып отыр.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**
Жаңақорған ауданы.

# ЖАСАМПАЗДЫҚПЕН ЖАҢА БЕЛЕСКЕ

Конференцияда 2012 жылғы «Алтын домбыра» иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов та өз пікірін білдірді. Жастар атынан делегат болып сайланып келіп отырған ол сөзін жыр шумақтарымен жеткізіп, көпшілікті ұлт болып ұйысуға, жұрт болып жұмылуға үндеді.

«Жан-Арай» серіктестігінің директоры, партия белсендісі Бақдәулет Мақашев партияның осыған дейінгі сайлауалды бағдарламаларының орындалуына тоқталды. Атап айтсақ, жұмыс орындары сақтауда, ауылшаруашылық саласы қарқынды өсуде. Біздің облыста соңғы үш жыл бойы астықтан рекордты өнім жиналды, мал басының саны айтарлықтай артты. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға мол мүмкіндік жасалды. Бұл бағытта «Жан-Арай» серіктестігі өз үлесін қосуда. Серіктестік Қызылордада құрама жем өндіретін және күріш ақтау зауытын іске қосты.

Бұдан кейін конференцияда «Нұр Отан» партиясынан Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына ұсынылатын кандидаттар тізімінің жобасы таныстырылды. Оны делегаттар бір ауыздан қолдады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша облыстық партия филиалы Саяси кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілді.

1-бет

Жиын соңында партия филиалының төрағасы, облыс әкімі Қ.Көшербаев «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XVII съезінде сөйлеген сөзінде Елбасының елді дамытудың мәселелеріне тоқталып, сайлауалды бағдарламасына қатысты бірқатар нақты міндеттер қойғанын, олардың барлығы тұрақты да өсіп-өркендеген Қазақстан құруға бағытталғанын жеткізді. Сыр өңірінде атқарылған ауқымды жұмыстар сол үдеден шығып отыр.

– Жаһандық дағдарыстың кері әсеріне қарамастан, жалпы алғанда, өңір экономикасы мен әлеуметтік саласы дамуының оң динамикасы сақталды. 2014 жылдың ортасынан байқалған облыстағы өңдеуші сектор өсімі жалғасып келеді. Нәтижесінде соңғы үш жылда өнеркәсіп өндірісіндегі өңдеуші сектор үлесі 3 есеге артты. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері санының өсуі бойынша облыс республикада ең жоғары көрсеткіштің біріне ие болды. «Бизнестің жол картасы-2020» шеңберінде өндірістік инфрақұрылымды дамытуға және кәсіпкерлікті қолдауға 2015 жылы 2,6 млрд теңге бағытталды. Мемлекеттік қолдаудың арқасында шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны 7,8%-ға артты. 12 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылды. Соның арқасында жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ға дейін төмендеді. Облыста құрылыс 3,5 есе өсті, облыс аудандарын және Байқоңыр қаласын газдандыру қарқынды жүруде. Қызылорда қаласын таза сумен қамтамасыз ету жұмысы аяқталды. Біз алдағы уақытта экономиканы әртараптандыру бойынша жұмыстарды жандандыруды мақсат етіп отырмыз, – деп сөзін түйіндеді аймақ басшысы.

Конференцияның күн тәртібіндегі барлық мәселе қаралып, тиісті қаулылар қабылданды.

**Дәурен ОМАРОВ.**

● САЙЛАУ – 2016

# ӘЗІРЛІК ЗАҢ АЯСЫНДА ӨТУДЕ

**Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Абайбек Жүнісов, хатшысы Аягөз Сырлыбаева және облыстық сайлау комиссиясының мүшесі Қожамжар Наурызбаев БАҚ жетекшілерімен кездесіп, сайлауды ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы айтып берді. Аудандық және қалалық аумақтық сайлау комиссиялары ұсынған мәліметтерге сәйкес, 2016 жылғы 10 ақпан, кешкі сағат 17.00-дегі жағдай бойынша облыста мәслихаттар депутаттығына барлығы 396 кандидат ұсынылды. Олардың 64-і облыстық мәслихатқа, 289-ы аудандық мәслихаттарға, 43-і қалалық мәслихатқа үміткер.**

Үміткерлердің орташа жасы 44-ті құрайды. 316 кандидат өзін-өзі ұсынған, 74 кандидат – “Нұр Отан” партиясынан, 2 кандидат – “Ауыл” Халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан, 1 кандидат – Қазақстанның “Ақжол” демократиялық партиясынан, 2 кандидат – Қазақстанның Коммунистік халық партиясынан, 1 кандидат – “Жасыма, алға ұмтыл!” мүмкіндігі шектеулі балалар” қоғамдық бірлестігінен ұсынылған.

Ұсынылған кандидаттардың барлығының ұлты қазақ, ер адамдар – 309 (78 пайызы), әйелдер – 87 (22 пайызы). Басым көпшілігі Қызылорда қаласынан (65 адам), Қазалы ауданы (52 адам), Жаңақорған ауданынан (51 адам), Арал ауданында (50 адам) ұсынылды.

Кандидаттардың 3-і партияға мүшелігін көрсетпеген, 3-і “Ауыл” ХДПП мүшесі, 77-сі – “Нұр Отан” партиясының мүшесі, 2-і ҚХКП мүшесі, 1-і “Ақжол” КДП мүшесі, 310-ы партияда жоқ.

Сондай-ақ, үміткерлердің 332-сінің жоғары білімі, 46-сының арнаулы орта, 18-нің орта білімі бар.

Ортсайлауком бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес мәслихаттар депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2016 жылғы 19 ақпанға, ал тіркеу 23 ақпанға дейін жүргізіледі.

Кездесу соңында облыстық сайлау комиссиясының өкілдері қойылған сауалдарға жауап берді.

**М.МЕРЕЙ.**

● БРИФИНГ

# “ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ”: ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕУДІҢ ШАРТТАРЫ БЕЛГІЛЕНДІ

**«Сыр медиа» ЖШС жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында “Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” АҚ облыстық филиалының директоры Әділжан Сәулебаев журналистерге арнап брифинг өткізді.**



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2015 жылдың 18 тамызында валюта бағамы көтерілген сәттен-ақ «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшыларына өтемақы төлеу тетіктері әзірленді. Өтемақы мемлекеттік бюджет қаражатынан және банктің 5 жылдық меншікті кіріс қаражаты есебінен төленбек. Тұрғын үй құрылыс жинақ шартына қосымша келісімдер жасау арқылы 2016 жылдың 8 ақпаны мен 1 маусымы аралығында өтемақыға арыз қабылдау уақыты бекітілді. Өтемақының жалпы пайыздық көрсеткіші 35,5 пайыз, 2016 жылы 19,2 пайыз, 2017 жылы 16,3 пайыз қосылатын болады.

Арыз қабылдау электронды санды қолтаңба арқылы қол қою жолымен, яғни, Электронды үкіметтік www.egov.kz интернет порталы арқылы және Банктің интернет ресурсында www.hcsbk.kz сайты арқылы жүзеге асырылады.

Егер салым 2015 жылғы 18 тамызға дейін берілген тұрғын үй, алдын ала тұрғын үй және аралық тұрғын үй заемдары бойынша қамтамасыз етуде тұрса, ақша салу күніне баспаны сатып алу-сату шарттары немесе Мемлекеттік бағдарлама аясында кейіннен сатып алумен жалға алу шарты өңірлік тұрғын үй бағдарламалары аясында жасалса, банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, белгіленген мерзім аясында қосымша келісімге қол қойылмаған жағдайда өтемақы төленбейді.

Банкте 43 штаттан тыс кеңесші жұмыс жасайды. Қазіргі таңда олар Халыққа қызмет көрсету орталығында арнайы кеңес беруде. Атап айтсақ, орталық, Тасбөгет аймақтық және “Ақмешіт” шағын ауданындағы халыққа қызмет көрсету орталығында, Жалағаш, Жаңақорған, Арал аудандарында және Байқоңыр қаласында кеңесшілер жұмыс жасап жатыр.

Жақында “Өңірлерді дамыту – 2020” бағдарламасына балама ретінде “Өз үйім” атты жаңа жоба басталды. Осы бағдарлама шеңберінде жыл соңына дейін “Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі” клиенттері үшін 40 мың шаршы метр болатын 600 пәтер салынады. “Өз үйім” бағдарламасы бірінші болып біздің облыста басталды. “Сырдария” шағын ауданында жалпы аумағы 6700 шаршы метрді құрайтын 100 пәтерлік 2, “Арай-3” шағын ауданында 33000 шаршы метрлік 500 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы қарқын алды. Тұрғын үйлердің бір шаршы метрі 140 мың теңгені құрайды. Құрылысқа мемлекет қаражаты жұмсалмайды. Биыл барлық бағыттағы бағдарламалар бойынша 350 мың шаршы метр тұрғын үй салынады. Ал «Өз үйім» бағдарламасы бойынша 2022 жылға дейін 1,5 миллион шаршы метр тұрғын үй салынады деп жоспарлануда.

“Өз үйім” бағдарламасының артықшылықтарын атап өтсек, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына толық басымдық беріледі, бір шаршы метріне төмен баға қарастырылады, валюта бағамдарына тәуелсіз және үй сатып алу кезінде ерекше талаптар қойылмайды. Бағдарламаға Банктің кез келген клиенті қатыса алады, алайда бірінші болып үй сатып алу құқығына баспанасы жоқ салымшылар ие болады.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

● ӘКІМДЕР ЕСЕП БЕРУДЕ

# ҚАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ҚАРҚЫН ЖАЛҒАСАДЫ

**КЕШЕ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ҚАЛА ХАЛҚЫ АЛДЫНДА ЖЫЛ ЖЕТІСТІКТЕРІН ҚОРЫТЫП ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРДЫ АЙҚЫНДАУ МАҚСАТЫНДА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗДІ. ЖИЫНҒА ОБЛЫС ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК КӨШЕРБАЕВ ҚАТЫСТЫ.**





Елбасы бастамасымен дәстүрге айналған ел алдындағы әкімдер есебі тұрғындардың түйткілді мәселелерін шешіп жатыр. Осындай кездесулерде елдік мәселелер еңсеріліп, бірлікпен, біліктілікпен атқарылған шаруалар шешімі табылуда.

Есепті кездесуде алдымен қалалық жергілікті полиция қызметінің басшысы, подполковник Қуаныш Шүкіров есеп берді. Жаңа жылдан өз жұмысын бастаған жергілікті полиция елмен етене байланыс жасаудың қам-қарекетіне кірісіп кеткен. Осыдан кейін шаһар басшысы облыс орталығында жыл бойы атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы жоспарларымен бөлісті. Жыл ішінде жаңа өндіріс орындары ашылып, жұмыссыздық деңгейі азайды. Әкім баяндамасында мемлекеттік бағдарламалар орындалуы, әлеуметтік-экономикалық қолдаудың артқандығы жайлы кеңінен айтылды.

Былтыр жылдың басында қала бюджеті трансферттерді қоса есептегенде 20 млрд 488 млн теңге көлемінде бекітілсе, 2015 жылдың қорытындысымен 38 млрд 981 млн теңгені құрады. Бұл дегеніміз қала бюджетінің 90,3 пайызға артқандығын көрсетеді. Негізгі капиталға салынған қаржы көлемі 127 млрд 341 млн теңгені құрап, облысқа салынған барлық инвестицияның 54 пайызын құрады. Экономикалық қиындықтарға қарамастан Қызылордада инфрақұрылымды жаңғырту, таза ауыз суға көшу, сол жағалаумен байланыстыратын көпірдің құрылысы секілді ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асуда.

Қала халқы үшін ең маңызды мәселелердің бірі тұрғын үй құрылысына тартылған инвестиция көлемі 21 млрд 600 млн теңгені құрап, өткен жылы облыс орталығында 190 мың шаршы метрді құрайтын 2 мың 684 пәтерлік 52 көпқабатты тұрғын үй салынды. Соңғы үш жылда Қызылорда қаласының ауыз су инфрақұрылымын дамытуға 10 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп, бүгінде шаһар халқы толықтай таза ауыз сумен қамтылып отыр. Тағы бір айта кетерлігі, қаланы газдандыру көрсеткіші 95 пайызға жетті. Соңғы 3 жыл ішінде 13 млрд теңгеден астам қаржыға ұзындығы 300 шақырымға жуық жолдар орташа, күрделі және қайта жаңғыртудан өтті.

Кездесуде «Нұрлы Жол» бағдарламасы мен «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын іске асыруда мемлекеттік -жекеменшік әріптестікке серпін беру, тұрғындарды жұмыспен қамту, қолжетімді баспана, қалаға қарасты ауылдарды жандандыру, халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, кадрлар әлеуетін жақсарту, құқық қорғау жүйесін жетілдіру, индустриялық-инновациялық жобалар және ауыл шаруашылығын дамыту бағытын саралаған Нұрлыбек Машбекұлы кезек күттірмейтін мәселелерді де атап өтті. «Былтырғы кездесуімізде бар мен жоғымызды түгендеп, іскерлік ұсыныстарды таразылап, ортақ пікірдің отын маздатып, біраз мәселе төңірегінде түйінді әңгіме қозғағанбыз. Соған орай жыл бойы жұмыла жұмыс жасап, қаламыздың әлеуметтік-экономикалық, рухани толысуына үлесімізді қостық. Біраз шаруа атқарылды. Алда тұрған міндет те жетерлік», - деді.

Есепке жүгінсек, өнеркәсіп кәсіпорындары өткен жылдың 12 айында 448 млрд 548 млн теңгенің өнімдерін өндірген. Облыста өндірілген өнімнің 81 пайызы, атқарылған құрылыс жұмыстарының 41 пайызы, пайдалануға тапсырылған тұрғын үйлердің 65 пайызы Қызылорда қаласының үлесінде.

Өңдеу өнеркәсібінің өнім көлемі 24 млрд 325 млн теңгені құрап, тамақ өнімдерін өндіру 14,5 пайызға, машина жасау саласы 14,1 пайызға артқан. Жыл ішінде меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдар есебінен негізгі капиталға салынған қаржы көлемі 127 млрд 341 млн теңгені құрап, облысқа салынған барлық инвестицияның 54 пайызын қамтамасыз етті. Ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 3 млрд 773 млн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 102 пайызға артса, мал шаруашылығы саласында 1 мың 721 тонна ет, 5 мың 130 тонна сүт, 629 мың дана жұмыртқа өндірілген. Жолаушыларды жоғары сыйымдылықтағы қоғамдық көліктермен қамтамасыз етуде де оңды өзгеріс бар. Қоршаған ортаға залал келтірмейтін, ең бастысы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді 30 автобус алынса, наурыз айының басында 92 автобус әкелінеді. Бүгінде ол автобустар шекара бекетінде еуростандартқа сай тексерулерден өтіп жатыр.

Соңғы екі жылда республикалық бюджеттен бөлінген 2 млрд теңгеге 87 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өткен. Ал апатты деп танылған үйлердің тұрғындары 2017 жылға дейін толықтай жаңа баспанаға көшетін болады.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған Индустриялды-инновациялық даму бағдарламасы аясында 2015-2019 жылдары қаламызда Индустрияландыру картасына енгізілген 63 млрд теңгені құрайтын 20 жоба жүзеге асырылуда. Жобалар іске қосылғанда 1 мың 781 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Есепті мерзімде өңірлік карта аясында 2 млрд 519 млн теңгені құрайтын 5 жоба іске қосылып, жаңадан 134 жұмыс орны ашылды. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы арқылы 4 мың 906 жаңа жұмыс орны ашылды.

Экономиканың негізгі қозғаушы күші саналатын кәсіпкерлікті дамыту және жергілікті кәсіпкерлерді қолдау бағытында мемлекет тарапынан маңызды бағдарламалар жүзеге асуда. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасының 2-ші бағыты бойынша «Байқоңыр» ӘКК арқылы 68 адамға 186 млн теңге берілген. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы тарапынан 45 млн теңгені құрайтын 6 жоба қаржыландырылып, нәтижесінде 31 жаңа жұмыс орны ашылды.

Өткен жылы өңірді өрге сүйреген біршама жұмыстар жасалса, биыл индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында қала бойынша 2 млрд 148 млн теңгені құрайтын 6 жоба жүзеге асырылады. Бұл жобалар іске қосылған кезде 138 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Қызылорда қаласы биыл да қарқынды тұрғын үй құрылысы алаңына айналады. Биыл 200 мың шаршы метрді құрайтын 60 көпқабатты тұрғын үй салу жоспарлануда. Енді Бас жоспарға сәйкес Сұлтан Бейбарыс көшесінен Ғани Мұратбаев көшесіне дейінгі аралықта, Сырдария өзенінің бойын жағалай ұзындығы 5 шақырымды құрайтын айналма жол құрылысы жүреді. Бұл жоба қаладағы көлік кептелісін шешуге мүмкіндік береді.

Есепті кездесуде қала тұрғындары өздерін толғандырып жүрген сауалдарын қойды. Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев барлық сұрақтарға жауап беріп, мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табатындығын жеткізді.

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев Елбасы тапсырмасына сәйкес құрылысы басталған әлеуметтік нысандарды сапалы, уақытылы аяқтау қажеттігін тапсырып, жыл бойы атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

– Соңғы үш жылда облыс орталығын дамытуға 180 млрд теңге қаржы бөлінді. Ондаған инвестициялық жобалар жасақталып, жүзеге асырылып жатыр. Осы аралықта сол жағалаудың бас жоспары жасақталып, шыны зауыты құрылысы жүргізілуде. Үш жыл бұрын жұмысымызды бастағанда қаланың инженерлік-коммуникациялық желілерінің 75 пайызы тозығы жеткен еді. Қазір әріптестік аясында Еуропалық қайта құру және даму банкімен оларды қайта жаңғырттық. Жақында ел Үкіметі Қызылорда қаласында қуаттылығы 450 мВт бу-газ электр станциясын салу жөнінде шешім қабылданды. Облысымыз даму динамикасы бойынша үздік 3-4 орындарды тұрақты түрде иеленуде. Жұмысымыз осы қарқынмен әрі қарай жалғасады, - деді облыс әкімі.

Жиын соңында өз пікірін білдірген облыстық ардагерлер кеңесінің төрғасы Сейілбек Шаухаманов пен қоғам қайраткері Бақберген Досмамбетов алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға сәттілік тілесе, есепті кездесуде жергілікті биліктің атқарып отырған жұмысына тұрғындар да оң бағасын берді.

**Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.**

● ДІН – ДІҢГЕК

# ӘРБІР ЖАС ӨЗ СҮРЛЕУІН ТАБУЫ ТИІС

Сәрсенбі күні Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында облыстық ішкі саясат басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Жастар және дін: қоғамдағы асыра діншілдіктің зардабы» атты «дөңгелек үстел» болып өтті. Оған жергілікті атқарушы ұйым қызметкерлері, теологтар, мешіт имамдары, колледж және университет оқытушылары мен студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынды облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Меңлібаев қысқаша сөз сөйлеп ашты.

– Қоғамдағы асыра діншілдіктің зардабына, оған ерген жастардың қандай күйге душар болғанына өзіміз куәміз. Енді оны болдырмаудың жолдарын қарастыруымыз қажет, – деді ол. – Қазіргі жастар, әсіресе бірінші курс студенттері балқып тұрған сынап секілді еліктегіш келетіні жасырын емес. Жастар – ел болашағы, сондықтан да олардың діни және құқықтық сауатының деңгейін көтеру қажеттігі туындайды. Мектептерде дінтану пәні оқытыла бастады, оқу орындарындағы, жатақханалардағы, Жастар үйіндегі жастармен жүздесулер ұйымдастырылып, дәстүрлі емес діндер, түрлі діни ағымдар төңірегінде әңгіме өрбітіп, олардың сұрақтарына жауаптар берілді. Бүгінгі әңгіме де жастардың тура жолдан адаспай, өз сүрлеуін табуы төңірегінде өрбиді.

Облыстық ішкі саясат басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының директоры Бақытжан Камалов мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынасты айқындаушы саланың бірі рухани, құлықтық, патриоттық білім беру екендігін айта келіп, зайырлы мемлекеттің мәні мен ерекшеліктерін және оның негізгі қағидаттарын түсіндіру барысына мән берді, осы орайда жүргізіліп жатқан іс-шараларға тоқталды.

«Дөңгелек үстел» барысында сөз алған ҚМУ-дың аға оқытушысы, дін ғылымдарының магистрі Бақтияр Оспанов ғылым мен діннің байланысына тоқтала келіп, Ислам дінінің ешқашан да бұл екеуін бөле қарамайтындығын нақты мысалдармен дәлелдеді. Ислам дінінің соңғы және толыққанды дін екенін айтқан “Айтбай” мешітінің бас имамы Нұржан Керімбеков жастар арасындағы асыра діншілдіктің қатеріне, жастарға, олардың отбасына тигізер зардабына тоқталды. Ал №3 мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Аманғали Есімов мектептердегі “Дінтану негіздері” пәнінің оқытылуы мен мақсаты жайында әңгімелесе, “Жастар ресурсы” орталығының аға кеңесшісі Айнұр Шөменова мен университеттегі “Қыз Жібек” қыздар клубының жетекшісі Ғалия Әбді бүгінгі жастардың дінге деген көзқарасы, қоғамдағы қыз тәрбиесі жайлы өз ой-пікірлерін ортаға салды. Олардың пікірінше, бүгінгі күннің жастары бірін бірі өзге діни ағымдардан, шектен тыс діндарлықтан сақтандыруы қажет. Бірі екіншісіне жанашырлықпен қарауы шарт, сонда барып қоғамдағы асыра діншілдік саябырсиды.

«Дөңгелек үстелге» қатысушы жастар өздерін толғандырған мәселелер жайында ашық пікірлерін білдірді, сұрақтарына тұшымды жауап алды.

**Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**

**Қызылорда облысында «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасына қызығушылық танытушылар көбейген.**

# БАҒДАРЛАМАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БАСЫМ

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметіне сүйенсек, «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы өте өзекті және аса қажет. Мысалға, 2015 жылдың басынан бері жұмыспен қамту органдарына 6,5 мыңнан астам адам жүгініп, бағдарлама қатысушысы атанған. Олардың ішінде жұмыссыздар саны 4,6 мыңға жуықтайды, өзін-өзі жұмыспен қамтып отырғандар – 1939, жастар саны – 2950.

Бағдарламаның бірінші бағыты – инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамту бойынша 17 жобаға 569,1 млн теңге бағытталған. Инфрақұрылым мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту аясында 16 жобаны іске асыруға 527,6 млн теңге қарастырылды, 208 жаңа жұмыс орны ашылған. Қазір осы бағыт бойынша Жаңақорған ауданына қарасты Түгіскен ауылында 30 орындық дәрігерлік амбулатория салынып жатыр.

«ЖҚЖК-2020» бағдарламасының екінші бағыты – кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру мен тірек ауылдарын кешенді дамыту бойынша Сыр өңіріне 721,251 млн теңге бөлінді.

Ал үшінші бағыты – жұмыс берушінің қажеттіліктері аясында оқыту мен қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бойынша Қызылорда облысының 160 ұйымы мен кәсіпорнындағы әлеуметтік жұмыс орындарына 380 адам жіберілді, 268 адам тұрақты жұмыс тапқан.

**Д.СЕЙІТЖАНҰЛЫ.**




БҮГІНДЕ ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕМГЕ САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ САҚТАУ САЯСАТЫ БОЙЫНША БАРЫНША ТАНЫМАЛ. БҰЛ ЖОЛДА МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ҚАЛЫПТАСҚАН ӨЗІНДІК ҮЛГІСІ ДЕ БАРШЫЛЫҚ. БҰЛ РЕТТЕ, ЕЛБАСЫ БАСТАМАСЫМЕН ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН «ҰЛТ ЖОСПАРЫ – 100 ҚАДАМ БАРШАҒА АРНАЛҒАН ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МЕМЛЕКЕТ» 5 ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ӨТЕ ЗОР. РЕФОРМА КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУҒА, СОЛ АРҚЫЛЫ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨРЛЕУІНЕ ОДАН ӘРІ ЖОЛ АША ТҮСЕДІ.

# АЙМАҚТЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУ

Мәселен, Ұлттық жоспарының 65-қадамында Қазақстанды халықаралық көлік-коммуникациялық ағымдарға интеграциялау, сондай-ақ «Еуразиялық трансконтиненталдық дәліз» мультимодельдік көлік дәлізін құру жөніндегі жобаны іске қосу көзделген. Бұл жоба Азиядан Еуропаға жүктер транзитін кедергісіз жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, көлік дәлізі екі бағытта дамитын болады. Бірінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Ресей Федерациясына және одан әрі Еуропаға өтеді. Екінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Қорғастан Ақтау портына дейін, одан әрі Каспий теңізі мен Әзербайжан, содан соң Грузия арқылы дамиды. Жобаға болашақта 2014 жылдың аяғында құрылған Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкін тарту қаралған.

Көлік тасымалдары жүйесі мен транзитті дамыту мақсатында, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында республикалық маңыздағы 7 мың шақырымнан астам автомобиль жолдары қайта жаңғыртылып, оларда ақылы жүйе енгізу жоспарланған.

2022 жылға қарай ақылы жол жүруден түсетін алымдар шамамен 41 млрд теңгені құрайтын болады, ал ол республикалық маңыздағы автожолдардың бүкіл жүйесін ұстауға жағдай жасайды.

Қазақстанды халықаралық көліктік-коммуникациялық ағындарға интеграциялау мақсатында мультимодальды «Еуразиялық трансқұрлықтық дәлізін» құру бойынша жоба басталды. Ол жүктердің Азиядан Еуропаға кедергісіз транзитін қамтамасыз етеді, жүк жеткізу құнын 2 еседен астамға төмендетеді. Қазақстандық маршруттарға қосымша жүк ағындарын тарту көліктің барлық түрлерімен транзиттік тасымалды 2020 жылы қазіргі 18 млн тоннадан 33 млн тоннаға дейін және 2030 жылы 50 млн тоннаға дейін ұлғайтады.

Баршаға мәлім, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» мега жобасы жұмысы аяқталу үстінде. Жобаның жалпы құны – 163,5 млрд теңге. Ел аумағынан тиесілі 2787 шақырым дәліздің 812 шақырымы біздің өңір арқылы өтеді. Оның ішінде 246 шақырымы I техникалық, 566 шақырымы II техникалық категорияға жатады. Қайта жаңарту жұмыстары барысында облысқа тиесілі бөлігінде 48 көпір, 74 мал өтетін орындар, 14 екі деңгейлі жол айрығы, 2 темір жол өткелдері салынып пайдалануға берілді. Көлік құралдарының жүріс жылдамдығы 120 км/сағатқа өсіп, автомобиль жолы 8 елді мекенді айналып өтеді. Осы жобаның арқасында 2020 жылға қарай жүк тасымалы 2,5 есеге артады. Қытайдан Еуропаға жүк автокөліктері бұрын бір ай мерзімде жететін болса, қазір 10 күн мерзімде жетуге қол жеткізілді. 12 млн-нан 33 млн тоннаға дейін артады.

Сонымен қатар, біздің өңірдің экономикалық әлеуеті үшін үлкен маңызы бар «Қарағанды-Жезқазған-Қызылорда» автомобиль жолын реконструкциялау жобасын іске асыру «Нұрлы жол» бағдарламасында белгіленген. Қазіргі таңда, ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен аталған жобаны Халықаралық қаржы иниституттары



арқылы жүзеге асыру көзделіп отыр.

«Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды» жолы республикалық маңызы бар «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ шекарасы» автомобиль жолының бөлігі болып табылады, аталған жол өз кезегінде жалпы ұзындығы 925 шақырым құрап, Қызылорда және Қарағанды облыстары арқылы өтеді де, оның ішінде автожолдың 204 шақырымы Қызылорда облысына тиесілі.

Бұл автожол жалпы облыс және республика экономикасы үшін стратегиялық маңызды, оңтүстік аймақтарын орталық және солтүстік аймақтарымен, Астана қаласымен байланыстырып, автокөлікпен, жергілікті, облысаралық және де мемлекетаралық жүк және жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуде үлкен мәні бар. Сондай-ақ, жол мұнай, газ және тағы басқа пайдалы қазбалар кен орындарына көлік құралдарының тұрақты жүк ағымын қамтамасыз етеді.

Жүк ағымының қозғалыс бағыты осы автожол бойымен Қызылорда облысы, Оңтүстік Қазақстан облысының жақын аудандары және Өзбекстан мемлекеті үшін республиканың орталық облыстарына дейінгі қашықтықты айтарлықтай қысқартады (850 шақырымға) және Ресей аумағына шығуға мүмкіндік береді.

Келешекте қозғалыстың қарқындылық есебі, жеңіл автокөліктерге шаққанда 20 жыл ішінде 7799 көлік/тәулігіне жетеді, өз кезегінде II техникалық санаттағы жолға сәйкес келеді. Сондай-ақ, өсу қалпы негізінде жүк автокөліктерінің жақын жылдардағы қарқындылығы 3176 авто/тәулігіне болжанады, II техникалық санатқа сәйкес келеді.

Ұлт жоспарының 66, 67, 68-қадамдары отандық авиация мен әуе инфрақұрылымы саласын дамытуды көздейді. Соның ішінде 68-қадамға тоқтала кетсек, онда Қазақстан арқылы әуе транзитінің тартымдылығын арттыру үшін Әуе тасымалын мемлекеттік реттеу тиімділігін жақсарту қажеттілігі көрсетілген. Азаматтық авиация комитетінің қызметі британ азаматтық авиациясы мемлекеттік агенттігінің және Еуроодақ авиация қауіпсіздігі агенттігінің үлгілеріне бағдарланатын болады.

Азаматтық авиация саласында әуе тасымалдары, ең алдымен, отандық тасымалдаушылардың транзиттік әлеуеті мақсатты түрде ұлғайтылатын болады.

Азаматтық авиация комитетінің жұмысын Еуроодақ стандарттарына толық көшіру мақсатында ағымдағы жылы дамыған елдердің біріндегі азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік техникалық реттеу және қадағалау мекемесімен келісім жасалады. Әріптес ретінде Британдық авиация әкімшілігі және Еуро одақ Авиация қауіпсіздігі агенттігі қарастырылуда.

Аймақ деңгейіне келетін болсақ, облысымызда да әуе инфрақұрылымы жобаларын дамыту бағытында кең ауқымды жұмыстары жалғасуда. Аймақтың географиялық орналасуын ескере отырып, облыстың авиациялық әлеуметтік мүмкіндіктерін кеңейту, рейстер санын ұлғайту үшін 2014 жылдың қазан айында облыс әкімдігінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қызылорда қаласы әуежайына халықаралық мәртебе берілді. Қазіргі таңда, отандық әуе компаниялары Қызылорда қаласының сағатына 150 жолаушы өткізу қабілеттілігі бар қолданыстағы әуежай терминалынан Астана, Алматы, Қарағанды және Мәскеу қалаларына аптасына 34 әуе рейсін орындауда. Әуе көліктерімен тасымалданған жолаушылар санының жыл сайынғы өсу динамикасы 10-12 пайыз құрап отыр. 2015 жылы «Қорқыт Ата» әуежайынан 200 мыңнан астам жолаушы тасымалданса, «Люфтганза» әуе компаниясының ғылыми-зерттеу институтының 2014 жылы еліміздің әуежайларына жүргізген зерттеу нәтижелеріне сәйкес 2020 жылдарға қарай бұл көрсеткіш 2 есеге дейін өсіп, Қызылорда қаласы әуежайы арқылы 400 мыңға жуық жолаушы тасымалданады деп күтілуде. Әрине, бүгінгі терминалдың осыншама жолаушыны қабылдауға еш мүмкіндігі жоқ.

Осы орайда, облыс әкімінің бастамасымен бюджеттен тыс қаражат есебінен сағатына 250 жолаушы (қарбалас уақытта 500 жолаушы) өткізу қабілеті бар Қызылорда қаласының халықаралық әуежайы терминалының техника-экономикалық негіздемесі әзірленіп, қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Жобаның құрамында ішкі және халықаралық бағыттардағы жолаушыларға қызмет көрсететін 2 деңгейлі терминал, оның ішінде әуе кемелері мен жолаушыларға жоғары деңгейдегі сервистік қызмет көрсету үшін ұшаққа тікелей өтуіне 2 телескопиялық қондырғы, 180 орындық көлік тұрағы, VIP және CIP залдары, «Дьюти фри» дүкендері сияқты жолаушылар ыңғайлығы үшін барлық жағдайлар қарастырылған. Жобаны мемлекеттік-жеке меншік әріптестік (концессия) аясында жүзеге асыру жоспарлануда. Ол үшін 2015 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен әуежайдың 100 пайыздық мемлекеттік пакет үлесі республикалық меншіктен Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне берілді. Қазіргі таңда «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобаларын сүйемелдеу» орталығымен бірлесіп, әуежай құрылысына стратегиялық инвестор айқындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ, Анталия (Түркия), Дубай (БАӘ), Үрімші (Қытай), Бішкек (Қырғызстан) және тағы басқа бағыттар бойынша рейстер ашу үшін ұлттық және шетелдік әуекомпаниялармен жүргізілген бірқатар келіссөздердің нәтижесінде, бүгінгі күні әуежайдан маусымдық чартерлер жаз айларында Анталияға, қыс-көктем айларында Дубай қаласына ұйымдастырылуда.

Атқарылып жатқан жұмыстардың ауқымы үлкен, Елбасымен міндеттелген Ұлт жоспарды жүзеге асыру бағытындағы жұмыстар жалғасын табатын болады.

**Марат БӘЙІМБЕТОВ,**
**облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы.**




ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

## ҚҰҚЫҚ БҰЗУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҢЫЗДЫ

Өткен сәрсенбіде облыстық прокуратураның ұйымдастыруымен Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында «Қоғамдағы құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру» атты тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Жиынды облыс прокурорының орынбасары Руслан Райханов жүргізді. Ол кіріспе сөзінде Елбасы тапсырмасына сәйкес құқық қорғау саласының тиімділігін арттыру мақсатында елімізде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Сондай-ақ, облыс прокурорының орынбасары қоғамдағы құқық бұзушылықтардың алдын алудың маңызы зор екендігін, өткізіліп отырған семинар-кеңестің оған өз септігін тигізетінін мәлімдеді.

Жиында облыстық соттың судьясы Молдабек Ахметов, облыстық прокуратураның басқарма аға прокуроры Бахытжан Бұхарбаев, әкімшілік полиция басқармасының міндетін атқарушы Асфандияр Әбдіхалықов, мемлекеттік кірістер департаменті заң басқармасының бас маманы Серик Рысқұлов, табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаментінің бөлім басшысы Мейрамгүл Сағынбаева, облыс прокурорының аға көмекшісі Асқар Кемалов, жеке сот орындаушылардың өңірлік палата басшысы Нұрымжан Саймовтар баяндама жасады. Олар баяндамаларында өз саласы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, кездесетін құқық бұзушылықтардың жай-жапсарын әңгімеледі.

Қатысушылар пікірінше, қоғамдағы әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын-алу үшін ең бірінші халық арасында түсіндіру жұмыстарын кеңінен жүргізу керек. Облыстық прокуратураның басқарма аға прокуроры Бахытжан Бұхарбаевтың айтуынша, 2015 жылы қоғамдық тәртіпке нұқсан келтіретін құқық бұзушылықтар саны 20 пайызға өссе, жол қозғалысына қатысты құқық бұзушылықтардың анықталу тиімділігі 1,8 пайызға кеміген. Сондай-ақ, ол өз баяндамасында:

– 2015-жылы облыс бойынша жалпы 16 мыңнан астам әкімшілік істер негізінен қаралып, алдыңғы жылмен салыстырғанда 10 пайызға көбейген. Бұл істердің 92 пайызы бойынша жауапкершілікке тарту туралы қаулы қабылданса, 8 пайызы өндірістен тоқтатылған. Жаза тағайындалған құқық бұзушылардың 32 пайызына әкімшілік қамауға алу, 38 пайызына айыппұл салу, 10 пайызының арнайы құқықтарынан айыру, 17 пайызына ескерту, 3 пайызы бойынша ҚР-ның аумағынан шығарып жіберу түріндегі әкімшілік жазалары қолданылған, - деді.

Ал, әкімшілік полиция басқармасының міндетін атқарушы Асфандияр Әбдіхалықов есірткі қолданып рөлге отырған көлік жүргізушілердің кінәсін дәлелдеу қиынға соғып отырғанын айтады. Мұны жолға қою үшін тиісті ұсыныстар жасалғанмен, әлі шешімін таппаған.

Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің облыс бойынша департаменті мамандары болса осы салада реттелетін заңнаманы бұзу деректері көп кездесетінін жеткізді. Жалпы, қай істе болмасын құқық бұзушылықтар кездеседі, тек, оны анықтауға емес, болдырмауға күш жұмсаған маңызды.

**Нағымжан САУЯЕВ.**

## ИГІЛІКТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОЛЫ

Елбасы Н.Назарбаев еліміздің агроөнеркәсіп саласы алдына 2020 жылға қарай 4 есеге арттыруды, ал ішкі рыноктың 80 пайызын отандық азық-түлік тауарлары есебінен қамтамасыз ету жөнінде нақтылы міндеттер қойғаны белгілі. Үкіметке астық саласын ұйымдастыру және құрылымдау, мал шаруашылығы¬н, жем-шөп өндірісі мен шалғайдағы жайылымдық жерлерді игеру жөніндегі бағдарламаларды жасап, оның орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Осыған орай, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған отандық және шетелдік тиімділігі жоғары технологиялар мен ғылыми әзірлемелерді өндіріске жеделдете енгізіп, оларды пайдалану тәжірибесін өңірлерге тарату мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК саласында білім тарату орталықтарын құру жөніндегі жобаны жүзеге асырып келеді. Осы жоба аясында, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты базасында осыдан 4 жыл бұрын «Қызылорда» білім тарату орталығы ресми ашылды. Орталық сала мамандары мен фермерлерге оқытушылық және тәжірибелік білім берумен айналысып келеді. Бұл жаңа технологиялармен жұмыс істеуді, сол арқылы өндіріс тиімділігін арттыруға және Үкіметтің қолдауымен іске асырылып жатқан жобаны облыста жүйелі түрде іске асыруға атсалысатын жаңа құрылым.

Бүгінге дейін аталған орталықта ұйымдастырылған семинарларға мыңнан астам ауыл шаруашылығы саласының мамандары қатысып, өз біліктіліктерін жоғарылатты. Өткізілген семинарларға талдау жасасақ, негізінен күріш өсіру технологиясы және шаруашылықта инновациялық технологияларды қолдану, егін шаруашылығын әртараптандыру бағыттарында ұйымдастырылды. Оған күріш өндірумен айналысатын шаруашылықтардың агрономдары, сушыларымен қатар жеке қожалықтар басшылары қатысып, тың ақпараттар алды. Нақты кезеңде өңірімізді көкөніс-бақша, жеміс-жидек дақылдарымен қамтамасыздау бағытында біршама жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі күні бұл саламен негізінен жеке қожалықтар мен кәсіпкерлер айналысуда. Осыған орай семинарлар тақырыптарына жылыжай шаруашылығын дамыту, картоп және көкөніс-бақша дақылдарын өсіруде су үнемдеу технологиясын қолдану бағыттары енгізілді.

Соңғы уақытта мал шаруашылығын қайта жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың арқасында осы саламен айналысатын шаруашылықтардың саны өсу үстінде. Олар негізінен ет, сүт және асыл тұқымды мал басын көбейтуге бағытталған. Осыған орай орталықта мал шаруашылығын ұйымдастырудың инновациялық жолдары, асылдандыру және қолдан ұрықтандыру мәселелеріне орай сабақтар ұйымдастырылып келеді.

Мәселен, өткен жылы жоспарланған 13 семинарға 285 тыңдаушының орнына 324 адам қатысты. Бұл көрсеткіш ауыл шаруашылығы мамандарының жаңа технологияларға деген қызығушылығын көрсетеді.

Мысалы, алғашқы семинары «Аграрлық менеджмент және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын басқару» тақырыбына арналды. Онда ауыл шаруашылығы өндірісінің экономикалық даму жағдайы және оның негізгі проблемалары мен аграрлық саланы жүйелі түрде дамыту жолдары назарға алынды. Аймағымыздың алдыңғы қатарлы өндіріс орны болып саналатын «Абзал и К» толық серіктестігінде өндірістік тәжірибелік дәрістер ұйымдастырылды.

Осылайша білім тарату орталығы ауыл шаруашылығы саласындағы түрлі мамандардың бас қосып пікір қосып, тәжірибе алмасатын ордасына айналды. Мәселен, «Егін шаруашылығын әртараптандыру, күріш ауыспалы егіс жүйесін сақтау» тақырыбында суды аз тұтынатын дақылдар ұсынылып, ғылыми негіздемелері талқыланды. Сондай-ақ, «Төрт түліктің асыл тұқымды құндылықтарын бағалауды ұйымдастыру және жүргізу» тақырыбында асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту жолдары, мал будандарын бағалаудың тәсілдерін теориялық және практика жүзінде машықтандырылды. «Қызылорда» қалалық ветеринарлық станциясымен «Ақбарыс» ШҚ-да далалық дәрістер ұйымдастырылып, оған қырыққа жуық мамандар қамтылды.

Бұндай семинарлар қатарында «Дақылдарды зиянкестер мен аурулардан қорғау», «Көкөніс-бақша, картоп дақылдарын, жеміс ағаштары мен жүзімдіктерді тамшылатып суғару технологиясы», «Ауылшаруашылық жануарларының инфекциялық, инвазиялық және соматикалық ауруларының алдын алу және емдеу», «Малды қолдап ұрықтандыру технологиясы» және тағы басқа тақырыптар бойынша келелі кеңестер, пайдалы сабақтар өтті. Семинарлар соңы практикалық шаралармен жалғасын тауып, тыңдаушылар білім мен тәжірибені ұштастыра білді.

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына келген арнайы қонақтар Білім тарату орталығының жұмыстармен танысып, тыңдаушыларға дәрістерін оқып, тәжірибесімен бөлісіп кетеді. Мысалы, «Генетика. Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайына бейімделген қой тұқымдары» тақырыбында өткен шараға Австралияның мал шаруашылығы бағытындағы сарапшысы Уильям Дейли қатысып, жергілікті мамандарға теориялық-практикалық сабақтарымен бөлісті. Ол Жаңақорған ауданындағы «Көбелдес» шаруашылығында өткен далалық семинарда қой шаруашылығын дамыту жолдарын талқылады.

Бүгінгі жағдайға талдау жасай отырып, өкінішке қарай, біріншіден ауыл шаруашылығының көптеген салаларында кадрлардың жетіспейдігін және ғылым өндіріспен әлсіз байланыста екендігін көреміз. Сондықтан аграрлық бағдардағы ғылыми-зерттеу институттарының жанында өкілеттік желілерін құру арқылы АӨК саласында Білім тарату орталықтары осы жағдайды оңды шешуге барынша жұмыс істейтін болады.

**Жанұзақ БАЙМАНОВ,**
**«Қызылорда» БТО жетекшісі.**

ҚУАТ ҮНЕМДЕУ

## ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Бүгінгі уақыт талабының бірі энергетикалық ресустарға ұқыптылықпен қарау болып отыр. Ел экономикасында жеделдетіп модернизациялануы тиіс салалардың бірі энергетика саласы екеніне ешкімнің де дауы бола қоймас. Мамандар берген есептерге сенсек, бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған газтурбиналарының – 90, бу турбиналарының – 60, бу қазандықтарының 33 пайызының қолданылғанына кемінде жиырма жылдан асқан. Жоғалту деңгейі 15 пайызға дейін баратын электржелілері де төменгі тиімділікпен жұмыс жасауда.

Мұндай жағдайда қуатүнемдеу өзекті мәселеге айналары анық. Сондықтан да қуат үнемдеудің және қуат тиімділігін арттырудың маңыздылығы арта түседі.

2012 жылдың 13 қаңтарында қабылданған № 541-IV нөмірлі Қазақстан Республикасының «Қуатүнемдеу және қуаттиімділігін арттыру туралы» заң талаптарының барлық меншік түрлеріне тікелей қатысы бар.

ҚР Инвестиция және даму министрлігінің Индустриалды даму және өндірістік қауіпсіздік комитеті департаментінің бөлім бастығы Нұрлан Ізмағамбетовтың айтуынша, аталмыш заңға сәйкес, қыздыру қуаты 25 Ваттан жоғары шамдарды сатуға және пайдалануға тыйым салынған. Жоғарыда аталған заң талаптарын бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік Құқық бұзу жөніндегі кодексінің 294-бап, 1-тармағы бойынша жеке тұлғаларға 10 АЕК, лауазымды тұлғаға , жеке кәсіпкерге – 50 АЕК және 289, 290, 291, 292, 293, 296-баптар бойынша заңды тұлғаларға 400 АЕК-ке дейін көлемінде айыппұл төлеу көрсетілген.



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №143 «Мемлекеттік энергетикалық реестрді қалыптастыру және енгізу тәртіптері» қаулысының шыққанына үш жыл болды. Онда Мемлекеттік энергетикалық реестрдің операторы – Қызылорда облысы бойынша отын-энергетикалық қорларды пайдалану туралы ақпаратты ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін беру керектігі айтылған. Сондай-ақ шыққанына төрт жыл болған «Қуатүнемдеу және қуаттиімділігін арттыру туралы» заң бойынша мемлекеттік энергетикалық реестрдің (ГЭР) нысандарына қажет болған жағдайда ағымдағы жылдың 26 шілдесіне аудитті жасап бітіру қажет.

Департаменттің мемлекеттік инспекторы Андрей Ен қазір облыста ГЭР-дің барлығы 262 субъектісі бар екенін мәлімдеді. Оның ішінде мемлекеттік басқарудағы – 158, мемлекеттік-коммуналдық кәсіпорындар, өндірістік-шаруашылық жүргізетін квазимемлекеттік кәсіпорындар 77 және заңды тұлғаларға қатысты 27 кәсіпорын бар. Ал осылардың арасынан жоғарыда келтірілген Үкімет қаулысы тапсырмаларын орындағандар санаулы ғана. Мемлекеттік инспектор өз кезегінде ГЭР нысандары тізіміне кіргендер арасында энергоаудит өтуге тиісті емеспіз деген қате пікір ұстанып отырғандар бар екенін жеткізді. Оның айтуынша, қалған уақыт аралығында ГЭР операторына (www.kazee.kz), сондай-ақ 55-15-61, 55-15-62 телефондарына шығып, тиісті ақпараттарды беруі тиіс.

1 сәуірге дейін көп уақыт қалған жоқ, содан кейін ақпараттарды бермеген немесе теріс ақпарат бергендер үшін қуатүнемдеу және қуатиімділігі бойынша мемлекеттік аумақтық бақылау мекемесі шара қолдана бастайды, дәлірек айтқанда, айыппұл салатын болады. Осындай әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі актілердің толтырғанын қаламас едік. Олай болса, әлі уақыт бар.

Жоғарыда аталған заңның 1-бабы 5-тармағына сәйкес бекітілген отынэнергетикалық жылдық ресурстарды жылдық қолдану нормасы мемлекеттік реестрлік субъектілері жылына 1500 тонна және одан да көп эквиваленте шартты отынды қолданатын ЖК және заңды тұлға, сондай-ақ жылына 100 тонна және одан да көп эквивалентте шарты отын қолданатын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор және табиғи монополиялар субъектілері.

Өткен жылдың қараша айының аяғында Қызылорда қаласында өткен семинар-кеңес жұмысына аймақтағы көптеген кәсіпорындар мен мекемелер өкілдері қатысты. Департамент басшысы Қабылбек Қыстаубаев және «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ-ның аумақтық басқармасының басшысы Ғалым Қасымов қатысушыларға аумақтық ұйымдардың заң талаптарын орындауды тексерудегі мақсаты мен міндеттері туралы айтып берді. Кеңесте мемлекеттік энергетикалық реестр субъектілері басшыларына заң талаптарының орындалуына жауапты лауазымды тұлғаларды белгілеп қою туралы ұсынылды. Ал 26 шілдеге дейін аудит жұмыстары біту керек.

**Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ – 1991 ЖЫЛ

**Тәуелсіздік – қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен рухының жемісі. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша.**

**Егемендігіміздің 25 жылдығына орай бүгіннен бастап "Тәуелсіздік толғауы" айдарымен әр жылдардың бейнесі мен сын-сипатын қамтитын арнайы бет бере бастаймыз.**

**Бет материалдары 1991 жылға арналады. Деректөздер тарихи кітаптар мен "Сыр бойы" газетінен алынды.**

## АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ



1990 жылғы 20 қарашадағы ел Конституциясына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бойынша Қазақ ССР Министрлер Кабинетін Қазақ ССР Президенті, Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің Премьер-Министрі, Қазақ КСР Министрлері, Қазақ КСР мемлекеттік комитеттерінің құрамында құрды. Қазақ КСР Президенті сонымен бірге Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің құрамына Қазақ КСР мемлекеттік кеңесшілерін, Қазақ КСР-інің басқа да органдары мен ұйымдарының басшыларын енгізуге құқылы болды. Бірақ, Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің құрамын Қазақ КСР Президентінің ұсынуы бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бекітті.

1991 жылы тамыз төңкерісінен кейін президенттік институтты одан әрі нығайту мәселесі күн тәртібіне қойылды. Көп ұзамай-ақ, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Республикада жүзеге асырылып жатқан саяси және экономикалық өзгерістерді одан әрі дамыту, оның мемлекеттік егемендігін және конституциялық құрылысты, азаматтар құқықтарының, бостандықтары мен қауіпсіздігінің кепілі ретінде президенттік өкімет билігі институтын нығайту мақсатында Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақ КСР-інің кезекті Заңын қабылдады.

16 қазан күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Президентін бүкіл халық болып сайлау туралы мәселені қайта көтеріп, бұл ұсынысты қолдаған қаулы қабылдады. Халық депутаттары Жоғарғы Кеңестің атынан президенттікке кандидат етіп Н.Назарбаевты ұсынды, бұл ұсыныс басқа да еңбек коллективтерінен қолдау тапты. Кандидаттар қатарынан ұсынылған "Невада-Семей" қозғалысының жетекшісі, белгілі ақын Олжас Сүлейменов Н.Назарбаевтың кандидатурасын жақтап, өз кандидатурасын алатындығын мәлімдеді. 1 желтоқсан күні өткен сайлауда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 98,78 пайыз дауысын алған Н.Назарбаев Қазақстанның бүкіл халық сайлаған Тұңғыш Президенті болды.

М.Горбачевтің биліктен кетер тұстағы тың игеру кезінде Қазақстанға оның солтүстігіндегі бес облыс Ресейден берілген деген сандырағы жұртшылық арасында қобалжу туғызды. Бірақ, Қазақстан басшылығы арандатушылыққа жол бермей, бұл мәселені өзара сабырлылық және түсіністік жағдайда шешті. Екі күнге созылған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Заң" да дау-дамайсыз қабылдана қалған жоқ. Қазақ елінің тәуелсіздігін көре алмағандар да табылды.

Біреулер "Кімнен және неден тәуелсіз болмақпыз? Жетпіс жыл бойы желкелеп келген ресейлік империя үлгісі бойынша қазақ империясын құруға әрекеттеніп жатқан жоқпыз ба?" десе, екіншісі "Біздің парламентіміз тағдыр-талайын шешетін күрделі мәселені түзетуге неге құмар? Біз мұнда мемлекет тәуелсіздігі мәселесін шешеміз, ертең 17 миллион адамның бақандай жартысы басқа мемлекетте қалып қоймай ма?" деді, ал үшінші біреу бұл мәселені референдумға қоюды ұсынды ал бұл кезде қазақтардың үлесі тұрғындардың 36 пайызы ғана болатын).

Жоғарғы Кеңестегі елге танымал азаматтарымыз, халық қалаулылары Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Шерхан Мұртаза, Жабайхан Әбділдин, Өмірбек Байгелді, Манаш Қозыбаев, Өмірбек Жолдасбеков, Камал Смайлов, Қуаныш Сұлтанов және басқалары әлгіндегі сұрқия сұрақтарға салмақты да өткір жауаптар берді. Тәуелсіздік туралы заңның қиянатсыз қабылдануына жандарын салып бақты. Нәтижесінде 1991 жылы 16 желтоқсанда "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы конституциялық заң" басым дауыспен қабылданды. 16 депутат тәуелсіздігімізге қарсы дауыс берді.

Ертеңінде 17 желтоқсанда Алматыдағы Республика алаңында сан мыңдаған адам қатысқан митинг болды. Қазақ тағы да, осыдан дәл бес жыл бұрынғыдай, дәл сол алаңға жиналды. Айырмасы – ол жолы наразылықтан, бұл жолы разылықтан жиналды. Митингіде Елбасы Н.Назарбаев сөз сөйледі.

– "Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әлеуетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең-байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып, бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көпұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін. Сенімнен айырылмайық, бауырларым", деді Елбасы тәуелсіздік тарихындағы тұңғыш сөзінде.

Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін 1922 жылғы КСРО-ның құрылуы туралы Шарттың күші жойылғаннан кейін барып, басқа республикалардың ең соңынан кейін ғана жариялауының өзіндік себептері бар болатын. Олар: біріншіден, ұлтаралық қақтығыс пен жанжалдың туып кетуі қаупі болатын. Өйткені, "халықтар достығы" лабораториясына айналған Қазақстан басқа республикаларға қарағанда өз территориясында жергілікті халықтың ең төменгі пайызына ие болған еді.

Елбасы Н.Назарбаевтың салиқалы саясаты арқасында Ресеймен және басқа шекаралас мемлекеттермен арадағы шекара мәселесіне нүкте қойылды. Қазақстан өзінің территориялық тұтастығын дау-дамайсыз-ақ сақтап қалды.

**(Белгілі ғалымдар М.Мұхамедов пен Б.Сырымбетұлының "Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан өрлеуге дейін" атты кітабынан).**

● **ЖОСПАРЛЫ ЭКОНОМИКАДАН НАРЫҚ ЭКОНОМИКАСЫНА**

## ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖҮРЕ БАСТАДЫ

Еркіндіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық тұрақсыздықтар, көптеген өндірістік және әлеуметтік бағыттардың айқындалмауы облыстың бірсыпыра кеңшарлар мен ұжымшарларын бұлтартпас тығырыққа әкеліп тіреді. 1991 жылдың қорытындысы бойынша облысымызда 23 шаруашылық шығынды, 19 шаруашылық рентабельділігі ең төмен кеңшарлар деп танылды. Нарық жағдайында бұл шаруашылықтардың осы күйде өмір сүруі мүмкін емес еді. Бұл олардағы бірнеше мыңдаған адамдардың отбасыларының күйзеліске ұшырауына әкеліп соқтырғалы тұр. Мұнан шығар жол бар ма? Мәселе осылайша қойылды.

Республиканың басқару органдары бұл қиындықтардан шығудың алуан түрлі жолдарын қарастырды. Осы орайда 1991 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Мемлекет игілігінен алу және жекешелендіру туралы» заң қабылдады. Заң меншіктің әртүрлі формаларын қалыптастыру, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті, тиімді әлеуметтік бағдардағы нарықтық экономиканы дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған болатын.

Жекеменшік пиғыл – адам о баста жаралғаннан бері оның қанына сіңген қасиет. Тек біз оны «коммунизм құрамыз» деп теңгермешілікке салып, аяққа басып келдік. Сонымен экономикалық өзгерістер облыстағы шығынды шаруашылықтарды майда өндірістік құрылымдарға бөлшектеуге, бара-бара оны жеке адамдардың игілігіне айналдыруға әкеліп тірейді. Мұндай шаруашылықтар үшін бұдан басқа тірлік етудің жолы да қалған жоқ өзі. Бұл жерде мұндай процестер қалай жүзеге асырылады деген заңды сұрақ туады. Мұндай жағдайда мемлекет иелігін бірден жекешелендіру ағаттық болған болар еді. Бұған аудандардағы шаруашылықтарда ешқандай дайындық жасалған жоқ. Ең бастысы – адамдар дайын емес еді.

Міне, осының бәрі облыс ерекшелігіне, жағдайына бірден-бір тура келетін өзіндік жол іздеуге мәжбүр етті. Ол жол табылған да сияқты. 1992 жылдың көктемінде облыстық агроөнеркәсіп бірлестігі, облыстық агробанктің басшылығымен Сырдария ауданындағы Киров атындағы кеңшарын бірнеше майда кәсіпорындарға бөліп, олардың өз алдарына дербес еңбек етулеріне, өз алдарына қаржы мәселелерімен айналысуларына мүмкіндік туғызылды. Атап айтқанда, кеңшардың барлық тіршілігін қамтитын құрылым 11 кіші кәсіпорындарға бөлінді. Бұл туралы аудандық кеңес атқару комитетінің арнайы қарары қабылданды. Осы қарар бойынша аталмыш кіші кәсіпорындардың екеуі ет, сүт және жемшөп, төртеуі көкөніс, бақша, картоп өндірумен, бесеуі қосалқы қызмет (автотранспорт және техника пайдалану, жөндеу, күрделі құрылыс, жеке адамдардан ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу, жеміс-жидек өсірумен) көрсетумен айналысатын болып белгіленді. Кіші кәсіпорындарды әрқайсысы өз қалаулары бойынша сайлап алған аға жұмысшылар (оларды кәсіпорын бастықтары деп атап келген) басқарады. Бұларға күнделікті ең қажет деген техникалар мен автотранспорттар, жер мен мал, басқа объектілер бөлініп берілді.



*• Бір ауылда 11 кіші кәсіпорын, 30 фермер бар*
*• Әрбір адам байымай, ел байымайды*
*• Пайда табудың барлық талпыныстарына жол ашық*
*• Банк шаруалардың ортасына келді*
*• «Диқан» кіші кәсіпорны 926 мың сомның өнімін сатты*
*• Кәсіпорын табысының 70 процентін өзіне және өндірісті кеңейтуге жұмсайды*
*• Әр адам қалаған уақытында жеке бөлініп шыға алады*
*• Табысы мол рентабельділігі жоғары шаруашылықтарда да кіші кәсіпорындар құруға болады.*

Сол тұста облыс бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінде 189 кіші кәсіпорын құрылды. Олардың 46-сы егін, 67-сі мал шаруашылығымен айналысады. Қалғандары техникалық қызмет көрсету, күрделі құрылыс, әлеуметтік-техникалық қызмет, тағы басқа қосалқы шаруашылықтарды өз қолдарына алды. Бұларда жалпы саны 7 мыңға тарта адам еңбек етеді. Сол сияқты Жаңақорған ауданындағы «Алмалық» кеңшарын халықтық кәсіпорынға айналдыру жұмыстары қарқынды жүрді.

Облыста жекешелендіру үдерісінің алғашқы легі осылайша өтті.

## АҚШАДА ҚҰН ЖОҚ, ДҮКЕНДЕ ДЫМ ЖОҚ КЕЗ ЕДІ

«Сананы тұрмыс билейді» деген риясыз шындық. 1991 жылдың алғашқы жартыжылдығы «Үкімет жоқ, партия жоқ, әділдік жоқ» деген ұғымда пайда болған кез еді. Құйқалы жеріміз, қу мекиенге айнала жаздаған тұс болды. Нарықтық қатынас заманы жақындаған сайын басқару аппаратының қаймағын құрайтын интеллектуалдық ақыл-ой иелерінің тұрмыс жағдайына шын мәнінде қауіп төнді. Сол кездегі мемлекеттік-шаруашылық, әкімшілік-территориялық басқару жүйесіндегілерді бейне бір үрей билеп алғандай еді. Цифрларға жүгінейік, 1991 жылдары облыстың органдарында тиісінше 30,2 және 16,2 пайызға қысқарту болып өтті. Ал бұл уақытта республика бойынша тиісінше бұл көрсеткіштер 68,4 және 13,4 пайыз деңгейінде еді. Онымен салыстырғанда біздің облыстағы жағдайды шүкіршілік деуге болатындай.

Ақшада құн жоқ, дүкенде дым жоқ кезең тура келді. Ақшаның жедел қарқынмен өсуі онсыз да жетісіп тұрмаған тұтынушыларды қыспаққа алды. Өндіріс құлдырады. Тұтыну нарығының жаппай тапшылығы жағдайында баға бірнеше есе қымбаттады. Шынын айтқанда, бағаның қымбаттауы дүкен сөрелерін тұтыну заттарына толтыра алмады. Тауармен қамтамасыз етілмеген ақша тасқыны жақсылық әкелген жоқ. Ақша құнсыздануын, тізгінді босатып, бақылауды жіберіп алған үкімет өз қателігін халықтың есебінен толтырып, бағаны бірнеше есе өсірді.

Осы ретте 1991 жылы XXI сайланған халық депутаттары облыстық кеңесінің 5 сессиясында жасалған баяндамадан үзінді келтіре кетелік. «Қызылорда облысында ішінара жүргізілген зерттеулер халық тұрмысының төмен дәрежеде екенін көрсетті. Зерттелген әрбір 100 үйдің 49-ы жан басына шаққанда айына 100 сомнан кем табыс табады. Алты адамы бар әрбір 100 үйдің (екі ересек, төрт бала) 87 пайызының адам басына айлық табысы 75 сомнан төмен. Демек, облыс бойынша 650 мың халықтың 584 мыңы өздерінің қалыпты өсіп-өнуіне ең қажетті мұқтажын өтей алмайды деген сөз».

Сол жылғы қазан айының екінші жартысында халық депутаттары, облыстық кеңесінің 6 съезіндегі баяндаманың сөздеріне назар аударалық.

«Суық түскеніне қарамастан, Қызылорда қаласындағы кейбір тұрғын үйлерге, әкімшілік ғимараттарға, ең сорақысы, балабақшалар мен мектептерге жылу берілмеуі болып отыр».

Барлық салада тоқырау болды. Жасыратыны жоқ, республикада нарықтық қатынастарға көшу өте ауыр болды. Бастапқы кезде жұмыссыздықпен, инфляцияның өсуімен, табыстың тең бөлінбеуімен бет-бет келуге тура келді. Жағдай онша қолайлы болған жоқ. Ең басты кедергі – нарықтық қатынастарды ұйымдастыру үшін республикада, әрине, сондай-ақ Сыр өңірінде де, білгір кадрлар жетіспеді. Валюта аз, жетіспейді. Ең басты кедергі әлемдік рынокқа ойланбастан шығуға бәсекеге түсетін өнім, тауар болған жоқ. Сондықтан ойға алған, белгіленген шаралардың бәрін тақыр жерде құрып, байланыстары быт-шыт болған халық шаруашылығын ми батпақтан сүйреп шығару міндеті тұрды.

***

«Егер кімде-кім бұрынғы экономикалық құрылымды сақтаймыз десе, оңбай қателеседі. Ескі жүйемен бара берсек, бұдан да бетер былыққа бататын боламыз. Бірыңғай идеологиямен қарын тоқ болмайды». Сол тұстағы ұстаным осындай болды.



Сондықтан Нұрсұлтан Назарбаев сайлауалды бағдарламасында меншіктің барлық түрін дамыту, кәсіпкерлікке еркіндік беру, әрбір еңбек ұжымына, әрбір адамға бірдей жағдай жасау мақсатында Қазақстан экономикасын нарықтық қатынастарға көшіруді негізгі бағыт деп санаймын деуінде үлкен мағына жатты.

– Қымбатты отандастар! Біздің әрқайсымыз өмірдің қиын да күрделі кезеңіне қадам бастық. Әлеуметтік нарықтық шаруашылық құруға бел буа отырып, ал онсыз біз гүлденген елдер қоғамдастығына ене алмаймыз, біз бұл кезеңді өткізуге мәжбүрміз.

Сіздердің Президенттеріңіз ретінде өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен қиыншылықтарын халыққа жеңілдету үшін қолымнан келер және мүмкін болар нәрселердің бәрін істеймін, – деген еді Президент ел алдындағы сөзінде.

Алда ауыр жылдар күтіп тұр еді.

Бүгінде өркениет игілігін еркін көріп отырған еліміз осындай жолдан өтіп еді.

## СОЛ БІР КҮРДЕЛІ УАҚЫТТА...

Бүкіл еліміз сияқты облыстың тұтыну рыногында жағдай күрделі сипат алған, дүкен сөрелері жып-жылмағай, кеңестік ақшаға алатын тауар жоқ қиын кезең еді. Оның үстіне бұл жылдары Сыр өңірінің республиканың орта артта қалу деңгейі келесі көрсеткіштерге тән еді.

Республика территориясының 8 пайызын, халқының 4 пайыздан астамын құрайтын біздің облыс өнеркәсіп өнімінің – бір пайызын, көкөністің – 0,8, картоптың – 0,9, жеміс-жидектің – 0,6, ірі қара өнімінің 1,2 пайызын ғана өндіріп келген еді. Республикада түйе мен бақшадан ғана екінші орын алып, қалған халық шаруашылығының барлық салаларынан 13,14,15,16 орындарда еді. Халықты ыстық сумен, кәріз жүйесімен қамтамасыз етуде республиканың орташа көрсеткішінен 14,17 есе артта қалған болатын. Қызылорда облысы етті, сүтті жан басына тұтынудан республикада ең соңғы орында еді. Осы бір қиын кезеңде облысты елге танымал азамат, білікті басшы Сейілбек Шаухаманов басқарған болатын.

Міне, осындай олқылықтардың орнын толтырудың бастамалары 1991 жылы-ақ басталған болатын. Облыс басшысы сол кезде-ақ осы бағыттағы тиісті жұмыстарды қолға алды. Өңірде картоп пен көкөністі қажетінше өндіру бағытындағы жұмыстар ұйымдастырылды. Облыста артта қалған сала – ірі қара малын өсіруді жолға қою үшін басқа республикалардан, басқа облыстардан 23 мың асыл тұқымды буаз қашар әкелінді. Етті сүтті, көкөністі, жеміс-жидекті өңдейтін, күріш ақтайтын, ұн тартатын, жем дайындайтын, май сығатын, нан жабатын, макарон жасайтын, кілем тоқитын, киіз басатын, киім тігетін кіші цехтар ашудың алғашқы қадамдары жасалды. Соның нәтижесінде келесі жылдары мұндай цехтар саны үш жарым мыңға жетті. Облыста балалар бақшасынан бастап, барлық мекеме, кәсіпорын азық-түлік, тұтыну тауарларын өндірумен айналыса бастады. Бұл шынайы нарықтың, ел түсіне қоймаған жаңа формацияның алғашқы қарлығаштары еді.

## ЗАУЫТТАР ҚИЫН ЗАМАНДА

**Кешегі алып империя – Кеңес Одағы өзөзінен ыдырап, ұлттық республикаларға еркіндік тиген тарихи сәттердің зор қуанышымен қатар, ескі экономикалық байланыстар үзіліп қалғандықтан, көптеген кәсіпорындар тығырыққа тіреліп, жаппай жұмыссыздық жайлаған, әлеуметтік жағдай ушығып, ел басына күн туған қилы заманның қиындықтары басымыздан кешетін уақыттың алғышарттары пайда болуы 1991 жылы басталды.**

**Облыста жұмыс істеп тұрған көптеген зауыт, фабрикалар үшін алғашқы қиындықтар басталды. Мәселен, Қызылорда құс фабрикасында өнімнің өзіндік құны қымбаттап, жем-шөптен таршылық көре бастады. Онда қолданылатын құрал-жабдықтардың тозығы жетіп, оны қолдану мерзімі бітті. Кәсіпорынның құрал-жабдық, жем-шөп, витамин, минералды қоспаларға, жылуға, ыдысқа деген зәрулігі осы жылдың күн тәртібінен түспеген еді. Осыған ұқсас қиыншылықтар облыс орталығындағы целлюлоза-картон зауытында, аяқ-киім фабрикасында, тоқылмайтын маталар фабрикасында, ет комбинатында, сондай-ақ аудандарда орналасқан «Шалқия-Цинк» комбинатында, Жосалы механикалық зауытында, Қазалы аяқ киім фабрикасында, Арал балық зауыты мен киім фабрикасында, тағы да басқа көптеген кәсіпорындарда пайда бола бастады. Одан кейінгі кезеңдері бұлардың басым көпшілігі тіршілігін тоқтатқан еді.**

**Ол уақытта мүлікті мемлекет меншігінен алып, жекеге сатады дегенге жұртшылық сенбейтін. Осы жылы дүкен, кафе, шаштаразды жекеге сату басталды.**

*******

**Облыс аграрлы аймақтан мұнайлы өлкеге айналды. 1991 жылы Сыр өңірінде 1 млн тонна мұнай өндірілді.**

**1991 жылы облыстық партияның саяси ағарту үйін – теледидар мен радио хабарларын тарату комитетіне, қалалық партия комитетінің үйін музыкалық училищеге беру туралы тарихи шешім қабылданды.**

**Еліміз тәуелсіздікке ие болатын жылы, тарихи атаулар қайта қалпына келе бастаған шақта, яғни 1991 жылдың 24 қыркүйегінде ұзақ жылдар «Ленин жолы» болып аталып келген облыстың төл басылымы өзінің ежелгі атауы «Сыр бойымен" қайта қауышты.**

**Қиыншылықтарға қарамастан, даңқты диқан Ыбырай Жақаевтың 100 жылдығы аталып өтті, 1991 жыл Жақаев жылы деп аталды.**

**Облыста комсомол ұйымы тарап, облыстық жастар ұйымы құрылды.**

**Дайындаған Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**




# Су ішудің пайдасы

*Адам ағзасы күніне кем дегенде 2 литр су қажет ететінін білеміз. Алайда, оны қай уақытта, қалай қабылдауды білеміз бе? Бірден 2 литр суды алып, басымызға төңкере іше салуымыз керек пе? Бұл туралы кардиолог кеңесіне жүгіне отырып islam.kz сайты хабарлайды.*

*Оянған соң 2 шыны аяқ су ішу — ішкі ағзамыздың белсенді жұмысын қамтамасыз етеді.*

*Тамақтанардан 30 минут бұрын 1 саптыаяқ су ішу — артериалық қысымды төмендетуге көмектеседі.*

*Ұйқыға жатар алдында 1 стақан су — инсульт пен жүрек талмасына шалдығудың алдын алады.*

*1 стақаннан көп ішпеген жөн. Кешкі, түнгі мезгілде сұйықтықты көп ішу — таңертең оянғанда бетіміз бен көзіміз ісіп тұруына сеп болады.*



# АНА СҮТІ БОЙ ӨСІРЕДІ

**Халқымызда «уызына жарымаған» деген сөз бар. Негізгі шаруашылығы малмен байланысты болған жұртымыз бұл сөзді, әрине, енесінен ерте айырылған, не болмаса енесін ембеген төлге қатысты айтқаны белгілі. Себебі, енесін ембеген төл әлжуаз келеді. Бұл тіркес жаңа туылған нәрестелерге қарата да айтылады. Алайда дәл қазіргідей ол кезде жас босанған келіндер туа сала баласын құрғақ сүтке телімегені анық. Жас босанған келіндерінің дұрыс тамақтануын енелері назарда ұстаған. Қалжасынан бастап, сөк қосып, сүт қатқан қою шайын, ыстық сорпасын уақытылы ішіп отыруы үшін жағдай жасаған. Сондықтан болар босана сала қосымша тамаққа жүгінбегені. Ал бүгінде ше?**

Жас аналардың басым бөлігі туа салысымен, яғни, баласы қырқынан шығар-шықпастан құрғақ сүтке жүгіреді. Оның өзіндік себебі де жетерлік. Біріншіден, балаларға арналған құрғақ сүттің түр-түрі, онан қалды басқа да қосымша тамақтар кез келген дүкен сөрелерінде, дәріханаларда сатылуда. Екіншіден, жас аналардың көбі емізгеннен гөрі құрғақ сүт бергенді қолайлы санайды. Өйткені, құрғақ сүтке ауызданған сәбиін кез келген уақытта тастап емін-еркін қыдыруға да болады, жұмысына шығып кетсе де ыңғайлы. Ал оның бала ағзасына зияны мен кері әсері турасындағы мәселеге ешкім бас қатырып жатқан жоқ.

Мамандар сәбилер құрғақ сүтіне деген сұраныстың жылдан жылға артып отырғанын жасырмайды. Мәселен, облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылдың екі айына сәбилердің жасанды сүтіне 26 млн 650 мың теңге бөлінген. Ол 3500 балаға беріледі екен. Ал қаладағы №3 емхана берген мәліметке сүйенсек, өткен жылы емханаға 11382 қорап құрғақ сүт бөлініп, ол 200 балаға берілген. Биыл да осы шамалас.

Негізінен мамандар құрғақ сүттің емхана арқылы тек бес жағдайда босатылатынын айтады. Баланың анасы туберкулезбен ауырса, сонымен бірге жүйке жүйесі ауруханасында жатқанда, егіз, үшем болған жағдайда және асыранды балаға, сондай-ақ, гипогалактия, яғни, әйелдің сүті жетіспеген, мөлшерден аз болған сәтте емхана тарапынан, онда да арнайы комиссияның шешімімен ғана тегін құрғақ сүт беріледі. Алайда, дәрігердің тағайындауынсыз-ақ, кез келген дүкендерден қалағанынша сатып алып, балаларына қосымша тамақ ретінде беріп жатқан аналар қаншама.

– Негізінен сәбиді алты айға дейін тек ана сүтімен қоректендірген дұрыс. Алты айдан бастап қана балаға қосымша тамақ беруді бастаған жөн. Онда да алдымен аз-аздап беру керек. Жалпы, бүгінде жас аналарымыз сәбилерін құрғақ сүтпен тамақтандырғанды қолайлайды. Бала жарымайды деген желеумен дүкендерде емін-еркін сатылып жатқан жасанды тамақтарға әуес. Балаға күні бойғы уақытын арнағысы келмеген аналар үшін бұл таптырмас құрал, әрине. Алайда, оның жас ағзаға кері әсерін, тигізер зиянын да ойлауды ұмытпаған абзал. Мен балалар дәрігері ретінде баланы құрғақ сүтке үйретпей, керісінше, көбірек емізуге кеңес берер едім. Себебі, жасанды тамақ баланың асқазан, ішек жолдары секілді ішкі ағзаларына ауырлық етеді. Қазір бесіктен белі шықпаған балалардың басым бөлігі асқазан ауруымен ауырады. Не болмаса іш қату секілді сырқаты бар. Мұның барлығы сәбидің дұрыс ембей, жасанды тамаққа телігендігінің салдары. Қосымша тамақ берме демейміз, бірақ, баланың айына сәйкес белгіленген рационын сақтап отырса қанекей. Сүті жақсы шығуы, маңызды болуы үшін әрбір жас босанған ана өзінің тамақтануына жақсы көңіл бөлуі керек. Неғұрлым құнарлы тамақ жесе, сүті де нәрлі, мол болары сөзсіз әрі баланы жиі емізудің де маңызы зор, – дейді облыстың бас педиатры Ғазиза Сақтағанова.



Ана сүті – нәрестенің дамуы үшін қажетті мөлшерде нәрлі заттары бар ең пайдалы тағам. Жоғарыда айтылғандай, сәби алты айға дейін тек қана ана сүтімен тамақтануы керек. Осыған дейін ол әр түрлі қоспаларды қажет етпейді. Мамандардың айтуынша, баланы емізген кезде ана мен бала арасында пайда болатын қарым-қатынас сәбиге қорғаныс пен мейірбандық түйсігін береді. Сонымен бірге уызды сүт кезеңі, яки, 1-3 күн аралығында өкпе қабыну, ішек және құлақ ауруларына қарсы жоғары имуннобиологиялық тұрақтылығы бар пассивті иммунизация пайда болады екен. Ана сүтінде өскен нәрестелер жасанды қоспаларда өскен сәбилерге қарағанда тыныс алу жолдары мен диарея ауруларына аз шалдығады, тез өсіп дамиды. Ал гинеколог дәрігерлер емізу ана денсаулығына да жағымды әсер ететінін, яғни, босанғаннан кейін қан кетуі, сүт безінің, аналық безі мен жатырдың қатерлі ісігінің пайда болу қатерінің азаятынын айтады.

«Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» демекші, ана сүті сәби үшін теңдесі жоқ, ең таза қорек болып табылатынын айттық. Оны ешбір сүт қоспасы алмастыра алмайды екен. Себебі, ана сүтінде өзге сүт қоспаларында кездеспейтін 400 түрлі коректік зат болатынын зерттеушілер дәлелдеген. Бір қызығы, бала өскен сайын ана сүті құрамындағы қоректік заттар да қоса өзгеріп отырады. Бұл – оның ғажайыптығы. Құдайдың құдіреті демей көріңізші, ешқашан құрамы бірдей екі ана сүтін кездестіру мүмкін емес екен. Өйткені, олар баласының қажеттілігіне қарай әр әйелде өзгеріп отырады. Яғни, оның құнарлылығы мен қоректік заттарының үйлесімі баланың уақытында немесе мерзімінен бұрын туғанына байланысты да ерекшеленеді екен. Егер нәресте толық жетілмей, мерзімінен бұрын өмірге келсе, онда сүттің құрамындағы майлар, ақуыздар, натрий, хлор және темір көбірек болады. Өйткені, жетілмеген ағза көп құнарды талап ететіні белгілі. Мәселен, көпжылдық зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, мерзімінен бұрын туып, ана сүтін емген балалардың көру қабілеті мен иммунитеті тез дамитын көрінеді.

Адамзатқа түсірілген қасиетті Құран Кәрімде «Бақара» (2/233) мен «Лұқман» сүресінде (31/14) баланы емізу мерзімінің екі жыл екендігі айтылған. Оны бүгінгі дүниежүзілік ұйымдар да мойындауда. Мәселен, ДДҰ, ЮНИСЕФ, БҰҰ жанындағы балалар қоры баланы емшекпен емізу мерзімі екі жыл екенін, әрі алты айға дейін емшек сүтінен басқа ештеңе бермеу керектігін ескертуде. Америкалық Педиатр академиясы өкілдері де ең жоқ дегенде баланы алғашқы жарты жыл емізу керектігін айтады.

Қысқасы, ана сүті – асқан шеберлікпен жаратқан Аллаһ тағаланың ғажап несібесі. Күллі дәрумендерді соның құрамына топтастырып, жаңа туған сәбиге анасының махаббатымен қоса ұсынуы – Жаратушының үлкен мейірімі. Зерттеуші С.Юфит «Анасының сүті – баланың қорегі ғана емес, ол оның өмірі» дейді. Ендеше, баланы Жаратушы сыйлаған несібесінен қақпаған жөн-ау.

# ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТАБИҒИ ЕМ

**Адамзат бірнеше мыңдаған жылдар бойы сүліктің емдік қасиеттерін пайдаланып келеді. Сүлікпен емдеудің негізін салушы антикалық ғалым-дәрігер Никандр болып саналады (б.э.д. 200-130 ж.ж). Осы әдіс туралы ежелгі еңбектер Гиппократ, Гален және Авиценнаға тиесілі. Ортағасырлық Еуропада сүлік көптеген ауруларды емдеуде ресми түрде танылған әдіс болып есептелген. 1665 жылы «Жатырдың ішкі бөліктеріне сүліктерді пайдалану» атты алғашқы ғылыми трактат жарық көрді және осы кезден бастап сүлік гинекологияда кең қолданыла бастады.**

**Бұрынғы кеңес Одағы медицинасында сүлікпен емдеу тәсілі энтузиаст-дәрігер И.П.Баскованың бастамашылдығымен жаңа белеске көтеріліп, сүлікпен емдеуші-гирудолог дәрігерлер Ассоциациясы құрылды.**

**1990 жылы гирудолог-дәрігерлердің дүниежүзілік ұйымы құрылып, арада жыл өткенде сүліктерді медицинада пайдалану жөнінде бірінші дүниежүзілік конгресс өтті.**

**Қазір медициналық сүлік Ресейде және біздің елімізде дәрілік заттар реестріне енгізілген, сонымен қатар ол ресми түрде дәрілік зат болып есептеледі.**

## КҮРДЕЛІ ЖӘНЕ КЕРЕМЕТ ЖӘНДІК

Жер бетінде сүліктің 400-ге жуық түрі кездеседі. Ресейде және ТМД елдері аймағында оның екі түрі тіршілік етеді: медициналық сүлік (Hirudo medicinalis) және Ніл сүлігі (Hirudo nilotica). Адам ағзасына емдік түрде қолданылатын медициналық сүлік түсі қара, жасыл, қара қошқыл, каражасыл, қою қызыл болып келеді. Басында бес жұп көзі бар, ал ауызында хитин тісті үш жағы болады. Осы өткір жақтарымен сүлік адам терісін 1,5 мм тереңдікке дейін тістеп, 5-15 мл-ге дейін қан сорады. Тістеген жерден бірнеше сағат бойы осындай мөлшерде қан ағады. Сүліктің ішкі құрылысы нерв, зәр шығару және қан айналыс жүйелерінен тұрады. Оның дене құрылысының 70 пайызын ас қорыту органдары және бұлшық ет құрайды. Сүлік таза, әрі тұщы сулы көлдер мен өзендерде өсіп-өнеді. Ылғалсыз және сусыз жерде ол тіршілік ете алмайды. Ол жарықты, дәмді, иісті және айқай-шуды жақсы сезеді. Сүліктер қан сорып тойғаннан кейін бір жылдан үш жылға дейін аш жүре алады және оны алты айға дейін қорытады. Соратын қан көлемі өзінің салмағынан 2-3 есе көп болуы мүмкін.

## ЕМДІК ҚАСИЕТТЕРІ

Сүлікпен емдеу – тірі организмді тірі организммен емдеу, яғни табиғи әдіс-натуротерапияның бір саласы болып саналады. Медициналық сүлік тек қана бір рет пайдаланылатындықтан жұқпалы аурулар қоздырғыштарының таралуы болмайды. Сүлікті емдік мақсатта қолдану – ағзаны сауықтырудың әмбебап әдісі, ол қан тамырларының бітелуіне және қанның тоқтап қалуына қарсы әсер етеді. Емдік қасиеттері оның сілекей бездері арқылы бөліп шығаратын заттардың әсеріне байланысты. Көмірсу және майлардың зат алмасу процесін қалыпқа келтіреді. Қолайсыз және жанама әсерсіз, барлық функционалдық жүйелердің қызметіне оң әсер етіп, адам организмін кешенді түрде сауықтырады.

Сүліктің емдік қасиеттері мына факторлардан құралады:

Рефлекторлық – сүлікті дененің рефлексогендік нүктелеріне (акупунктура) салады. Рефлекторлық әсердің механизмі кәдімгі инемен емдеу әдісіне ұқсас, сондықтан сүлік салатын нүктелерді дұрыс таңдау керек.

Механикалық – қан айналымына механикалық түрде әсер етеді, яғни майда тамырлардан қан сорылып, қан және лимфа айналымын жеңілдетеді.

Биологиялық – сүлік қанға құрамында жүзге жуық табиғи дәрілік және биологиялық белсенді заттары бар сілекей секретін жіберіп, адам организмі қызметін жақсартады. Сол себепті сүлікті көптеген ауруларды емдеуге қолданады, ал кейде варикоз ауруынан, тромбофлебит, геморрой, жатыр миомасы, эндометриоз сияқты кеселдерден ота жасамай-ақ құтқарады.

Сүліктерді пайдаланудың екі әдісі бар. Біріншісі, аспирациялық әдіс – өте көне тәсіл, оның 3000 жылдық тарихы бар. Бұл әдіс бойынша сүлік пациенттің қанын әбден тойғанынша сорып, өзінен-өзі түсіп қалады.

Профессор А.С.Абуладзе ойлап тапқан екінші әдіс аспирациялық емес деп аталады. Осы тәсілді қолданғанда сүлікті адам қанына тойдырмай, қанды сора бастағанда науқастың терісінен алып тастайды. Қан көп ақпаса да аталған әдіс айтарлықтай терапевтік әсер береді. Бұл жерде адам көп қан жоғалтпайды, сондықтан да бір мезгілде 20 және одан көп сүлік салуға мүмкіндік болады.

Сүлікпен емдеудің әртүрлі науқастарды емдеу кезінде емдік қасиеті байқалады және химиотерапиямен салыстырғанда оның артықшылығын пациенттер екі-үш сеанс алғаннан кейін-ақ сезіне бастайды. Себебі, біріншіден, сүлік – табиғаттың табиғи сыйы. Көптеген емдік әсерлерінің арқасында бұзылған ағзадағы өмірлік маңызы бар функцияларды түзеп, оның қалыпты түрде қызмет жасауын қамтамасыз етеді. Бұл әдісті монотерапия ретінде немесе басқа да ем түрлерімен бірге амбулаторияда және үй жағдайында алуға болады. Сүліктерді емдік мақсатта пайдаланған кезде химиопрепараттарда кездесетін қолайсыз және жанама әсерлер болмайды.

**Нағашыбай ХАЛЫҚҰЛОВ,**
**Арал аудандық орталық ауруханасының дәрігері, КСРО және ҚР денсаулық сақтау үздігі.**

# ҚАТЕРЛІ ІСІК АУРУЛАРЫМЕН КҮРЕСТІҢ ОНКҮНДІГІ

**Облыстық онкология орталығының бас дәрігері Сәкен Серғазиев пен облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Қайрат Мырзахметовтің қатысуымен онкология орталығының мәжіліс залында брифинг өтті. Онда мамандар облыс көлемінде 1-10 ақпан аралығында қатерлі ісік ауруларының алдын алу бойынша өткен онкүндік турасында және аталған аурулармен күресте атқарылып жатқан шаралар жөнінде айтты.**

Республика көлемінде өткізілген дәстүрлі шара бұл жолы «Менің қолымнан келеді, біздің қолымыздан келеді» ұранын ұстанған. Онкүндік аясында тұрғындар арасында ақпараттық-насихаттық жұмыстары жүргізіліп, аурудың алдын алудың маңыздылығы түсіндірілді және тегін тексеруден өткізілді. Орталық бас дәрігерінің айтуынша, шара аясында бес жүзден астам келуші тексерумен қамтылған.

– Жылда дәстүрлі түрде өткізілетін онкүндіктің басты мақсаты тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруларын ерте кезінде анықтау және оларды скринингтік тексеруден өтуге шақыру. Бұл орайда біздің орталық мамандары тұрғындар шоғырланған жерлерде болып, үнпарақтар, әдістемелік буклеттер таратты, скринингтен өтудің маңыздылығын түсіндірді. Жалпы, біздің мамандар бұл мақсаттағы жұмыстарды, яғни, тұрғындар арасында қатерлі ісік ауруының алдын алу бағытындағы ақпараттық-насихаттық жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырады, – дейді Сәкен Серғазиев.

Жалпы онкология орталығы мамандандырылған емдеу, диагностикалық, ұйымдастыру-әдістемелік және жоғары маманданған медициналық көмек (ВСМП) көрсетеді. Орталыққа асқазан, сүт безі ісігіне және қатерлі лимфомаларға иммуногистохимиялық зерттеу әдісі енгізілген.

Ағымдағы жылдың басында Астана Алматы, Павлодар, Қарағанды облыстарынан кейін, республикада бесінші болып, орталықтан паллиативтік көмек көрсетуге арналған 15 төсек орын ашылды. Мұнда қатерлі ісіктің соңғы сатысында жүрген науқастарға көмек көрсетіледі. Орталықта сонымен бірге УДЗ, эндоскопия, маммография кабинеті және клинико-диагностикалық, орталықтандырылған цитологиялық зертхана, рентген, патоморфологиялық зертханалар жұмыс жасауда.

2015 жылдың 12 айында 1057 науқас есепке алынса, жалпы 4241 адам тіркеуде тұр. Қызылорда облысы бойынша ерте анықтау көрсеткіші 2014 жылы 48,2 пайызды құраса, есепті мерзімде ол 50 пайызға өскен. Онкологиялық науқастардың бесжылдық өмір сүру көрсеткіші өткен жылы 49 пайызды құраған.

Айта кету керек, бүгінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде 175 төсек орынға арналған облыстық онкология орталығын салу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі кезде онкология орталығының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жергілікті бюджеттен 146 млн теңге бөлініп, заманауи құрал-жабдықтар алу жоспарланған. Десе де, салада орын алып отырған мәселелер жоқ емес. Солардың бастысы маман тапшылығы екен. Орталық басшылығының айтуынша химия терапевт, радиолог, гистолог, клиникалық фарматолог және УЗИ маманы жоқ. Осы мәселені шешу бағытында бірқатар шаралар қолға алынуда.

Брифингте сөз алған облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Қайрат Мырзахметов ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеудің маңызына тоқталып, көпшілікті салауатты өмір салтын ұстануға, дер кезінде скринингтік тексерулерден өтіп отыруға, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға шақырды.

*Ауырып ем іздегенше,*
*ауырмайтын жол ізде...*

**БЕТТІ ДАЙЫНДАҒАН:**

**Айнұр БАТТАЛОВА**
**e-mail:**
**aibatyr_07@mail.ru**

**АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ**

# ҚЫСТЫҢ ҚҰНАРЛЫ «СЫЙЫ»

**Қыс мезгілі ауа райының салқындығымен ғана ерекше емес, сонымен бірге гастрономиялық сыйларымен де айрықша. Олай дейтініміз, бұл мезгілде базар мен дүкендерде жылдың басқа мезгілдерінде бола бермейтін пайдалы жеміс-жидек пен көкөністер мол болады.**

Атап айтқанда, мандарин. Кейде тіпті қысты осы мандарин үшін де ұнататын секілдіміз. Жаңа жылдық дастарханның сәні болып табылатын бұл жемістің адам ағзасы үшін пайдасы мол. С дәруменіне бай мандарин иммунитетті көтеріп, тұмаудан сақтануға көмектеседі. Цитрусты жемісте С дәруменіне қоса А, В1 дәрумендері, органикалық қышқылдар, клетчатка, минералды тұздар бар.



Жалпы мандарин жемісін базар сөрелерінен жыл бойы табуға болады. Оның бірнеше сорты бар. Алайда дәл қыстың басында, яғни, желтоқсанда Марокко сынды шығыс елдерінен мандариннің енді піскен жаңа легі келеді. Мандариннің бұл сортының калориялығы кез келген диета үшін кедергі бола алмайды екен. Бұл жеміс десерт ретінде де, түрлі тағамдарға, салаттарға қосымша дәм беруге де кеңінен қолданылады.

Қыста адам үшін өте пайдалы жемістің тағы бірі – құрма.



Елімізде тек қыс мезгілінде ғана сатылымға түсетін құрма А,С,Р дәрумендеріне, темір, калий, кальций, магний, йод, мыс пен глюкозаға өте бай. Антиоксидант болып табылатын құрма ағзадағы улы заттарды, бос радикалдарды сыртқа шығарады. Құрманың ерекше уылдыратын дәмі ондағы асқорыту жүйесін реттейтін пектин затының көп мөлшерін көрсетеді.

Ал лимонды мандарин мен құрма сияқты «қысқы» жеміс деуге келмейді. Себебі ол жыл бойы сатылымда болады. Бірақ қыс мезгілінде болатын түрлі салқын тию, тұмау секілді ауруларда тұрғындардың ең көп тұтынатын жемісі осы – лимон екен. Бір лимон шырынында С дәруменінің бір күндік шамасының 33 пайызы бар. Оған қоса құрамындағы пектин, эфир майлары лимонды қыста адам ағзасына өте қажет, пайдалы жеміске айналдырады.

Дәрумендер мен микроэлементтердің қайнар көзі болып табылатын асқабақ қыста әр шаңырақтың дастарханынан жиі көрінгені дұрыс. Ондағы фосфор, темір, В, С, және Т дәрумендері оны ерекше пайдалы көкөніс қатарына қосады.



Асқабақтың ең бір айрықша қасиеттерінің бірі ол қыс бойы еш бұзылмастан, қасиеті жоғалтпай сақталады.

● ТАҒЗЫМ

**Ұлы Отан соғысы жылдары ерен ерліктің үлгісін көрсеткен ардагерлердің бірі – Құдабай Наурызбайұлы. Ол 1916 жылы Жаңақорған ауданына қарасты бұрынғы Политотдел ауылында дүниеге келген. Өңірдегі мектептен орташа білім алып, Түркістан қаласындағы саяси білім беретін курста оқуын жалғастырады.**



# ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Білім ошағында ізденімпаздығымен көзге түскен жас талапкер әскер қатарына шақырылып, 1939-1940 жылдары борышын өтейді. 1940-1942 жылдары Фин соғысына қатысып ерлік көрсетті. Ал 1942-1943 жылдары Наманган қаласындағы жаяу әскер училищесіне курсант болып қабылданып, әскери білімін жетілдіреді. Одан кейін екінші Украина майданында взвод командирі болады. Сұрапыл соғыстың ортасында болған жауынгер бірнеше рет жараланды. Өскелең ұрпаққа бейбітшілік сыйлауды мақсат еткен Құдабай Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтады. Сұрапыл соғыста көрсеткен ерлігі үшін мемлекет тарапынан бірнеше рет марапатталды.

Қ.Наурызбайұлы елге оралған соң ауданның әлеуметтік жағдайының жақсаруына да зор үлес қосты. Ол халықты ауызбіршілікпен іс бастауға шақырды. Сол тұстары аудан басшылары ауқымды істерді атқарар алдында ардагерден кеңес сұрайтын. Өз ортасында ізденімпаздығымен көзге түскен Құдабай қай уақытта болмасын игі істердің басқасында болды. Еңбеккор азамат 1948 жылдан бастап, бар күшін аудан әлеуетін көтеру жолында сарп етті. Сол жылы Төменарық елді мекеніне ауылдық кеңестің төрағасы болып сайланды. Майдангер осында 17 жыл бойы жұмыс жасап, абырой биігінен көрінді.

Ол кісінің әсіресе соғыстан кейінгі тұралап қалған ауыл шаруашылығын дамытуда атқарған еңбегі ерен. Елді егін шаруашылығымен айналысуға жұмылдырған майдангер аймақ әлеуетінің дамуына зор үлес қосып, ауданда зор беделге ие болды.

Жұртын сабырмен іс бастауға шақырған атпал азамат отбасында да өнегелі өмірімен кейінгіге үлгі болды. Жұбайы Беган Дүйсенбаева екеуі 5 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсірді. Балаларын жұртқа адал қызмет етуге баулыды. Осындай даналығымен халқына адал перзент бола білген айтулы тұлғаның өмір жолы кейінгіге өшпес өнеге.

Ардагер ауқымды істер атқарғаны үшін мемлекет тарапынан бірнеше рет марапатталды. Тіпті зейнет жасына дейін өзі абыройлы қызмет атқарған Төменарық елді мекеніндегі бір көшеге Құдабай Наурызбайұлының есімі берілді. Алдағы уақытта майдангердің 100 жылдығын атап өту жоспарлануда. Сондай-ақ, ардагер есіміне ауданнан бір көше беру қолға алынып отыр. Өмірі өнегеге толы ер есімі ел есінде ұзақ уақыт сақталады.

**Тұрсынхан ҚҰРМАНБЕКОВ.**

# ТАРИХТЫ ТАНУҒА «МЕМОРИАЛ» КӨМЕКТЕСЕДІ

**Ішкі істер министрлігінің Веб-порталында (http://mvd.gov.kz) әлеуметтік маңызы бар «Мемориал» сервисі құрылды. Мақсат – саяси репрессия құрбандары туралы ақпаратты анағұрлым қолжетімді қылу. Бұл жайында Қазақстан Республикасы ІІМ баспасөз қызметі хабарлады.**

2014 жылы ішкі істер органдары ұлттық қауіпсіздік органдарынан репрессияға ұшыраған азаматтарға қатысты қылмыстық істерді, Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқынға түсіп, Германиядан келген бұрынғы КСРО азаматтары туралы іріктелген, трофейлік материалдарды қабылдаған болатын. Айталық, қуғын–сүргінге ұшыраған қазақ интеллигенциясының қайраткерлері Ахмет Байтұрсыновтың, Ораз Жандосовтың, Ілияс Жансүгіровтің, Сәкен Сейфуллиннің және т.б. (мұрағаттық істер Алматы қаласы ІІД мұрағатында) қылмыстық істері қабылданды.

Бүгінде «Мемориалға» барлығы қуғын-сүргінге ұшыраған 109 мың 186 адам жайлы ақпарат енгізілген. Хабарламаға сүйенсек, өткен жылдың өзінде қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың туыстарынан, ғалым-зерттеушілерден, қоғамдық ұйымдардан, мұрағаттар мен мемлекеттік органдардан 555 өтініш пен сұрау салулар келіп түскен. Оның ішінде Қазақстан Республикасы бойынша 442 өтініш болса, ТМД-ның бұрынғы республикаларынан 105 және алыс шетелдерден 8 өтініш ұсынылған.

«Мемориалдың» көмегіне жүгінген азаматтардың қылмыстық істердің процестік емес сипаттағы құжаттармен танысуға, сондай-ақ істе сақталған қолжазбаларын, фотосуреттерін және өзге де жеке құжаттарын немесе олардың көшірмелерін алуға құқығы бар. Бұл – тарихты танып-білуге құштар жандар үшін айтарлықтай көмек екендігі даусыз.

**Н.ЕЛЕГЕН.**

# БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГИЯНЫ ҚОЛДАНУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Қазіргі кезеңде табиғатта отын қорлары азайып келеді. Сол үшін бізге энергияның балама көздері қажет. Бүгінгі таңда ол әлемдік деңгейде талқыланып, ғаламдық маңызға ие болып отыр. Баламалы қуат көздерінің басты артықшылығы – сарқылмайтындығы мен экологиялық тазалығында. Мұндай энергия көздерін пайдалану ғаламшардың энергетикалық қалпын өзгертпейді. Бұл үдерістен еліміз де тыс қалған жоқ. Елбасы «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз», деп атап өткен еді. Осылайша, Қазақстан энергияның баламалы түрлеріне көшу мәселесін алғашқылардың бірі болып көтеріп, бүгінгі таңда табиғатқа да, адамзатқа да пайдалы баламалы қуат көздерін дамытуды кеңінен насихаттап отыр. Ең бастысы, еліміздің, оның ішінде Сыр өңірінің де балама энергия көздері бойынша әлеуеті өте зор. Бүгінде ел ғалымдары қуат көзін өндірудің ұтымды әрі зиянсыз жолдары қарқынды дамыту жолында аянбай еңбек етуде.

Нақты кезеңде бұл тақырып төңірегінде облыс оқушылары ғылыми жобаларға қатысып, өз ұсыныстарын айтуда. Мәселен, өткен жылы



қаламыздағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының 10-сынып оқушылары Ақмарал Әбдінәби мен Гүлжайна Есет «Жас ғалым-2015» облыстық ғылыми жұмыстар байқауына қатысып, жүлделі І орынды иеленді. Сондай-ақ, «Жаңа идеялармен – жарқын болашаққа» тақырыбында ұйымдастырылған инновациялық идеялар мен жобалар байқауына қатысқан жоба иелері Алғыс хатпен марапатталды. Озық ойлы оқушыларға «Энергия көздері – жел, күн, биогаз энергияларын болашақта қолдану» тақырыбын зерттеуде тәжірибелі ұстаз, физика пәнінің мұғалімі Гүлзина Бекмұхаметова бағыт-бағдар берді. Ал ғылыми жобаның мақсаты – ұсынылып отырған энергетикалық қондырғыда қазіргі дәстүрлі энергия көздерін талдаудан өткізу және энергияның баламалы көздерін күн және желден алу мүмкіндігін қарастыру болып табылады.

«Бүгінгі таңда ғылым мен техниканың жетістігі адамзат өркениетін инновациялық дамудың даңғыл жолына жетелеуде. Игі іске біздің шәкірттеріміз де үлес қосуда. Мәселен, біздің өңірдің ауа райы күз-қыс айларында желді, көктем-жаз айлары ыстық болып келеді. Сондықтан да, туған жерімізде күн мен желден энергия алу өте тиімді», - дейді физика пәнінің мұғалімі Г.Бекмұхаметова.

Осы орайда аталған ғылыми жұмыстың күн және жел энергиясын пайдаланатын құрылғыларды қолдану саласын көбейту, жаңа жұмыс орындарын ашу, заманауи технологиямен жұмыс жүргізу арқылы аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталып отырғанын баса айтқан жөн.

Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты қағидасы – «Болашақтың энергиясы». Бүгінде бұл барлық саналы адамзатты толғандырып отырған көкейкесті мәселе. Жұмыр жерді мекендейтін 7 миллиард адамның күннен күнге өсіп бара жатқан энергетикалық сұранысын қанағаттандыру ғаламшарымыздың болашақтағы ең бір өзекті проблемасына айналып бара жатыр. Электр қуатын өндіру үшін көмірсутегі шикізатын көптеп пайдалану ауаны ластап, атмосферадағы тепе-теңдікті бұзуда. Сондықтан бүгінгі таңдағы түйінді мәселе – дәстүрлі энергетикалық қуат шикізаттарына тиімді балама табу. Бұған алда тұрған «ЭКСПО-2017» көрмесі қуатты серпіліс береді деп күтілуде. Демек, баламалы энергетиканы қолдану ел экономикасын жаңғыртудың маңызды факторына айналатын күн алыс емес.

Сөз соңында баламалы қуатты пайдалануға арналған тиімді жобалардың аталған көрмеге жолдама алатынын айта кетейік. Жалпы, «Білімнің іргетасы мектепте қаланады» деген қағида бұрыннан бар. Ендеше, бүгінгі мектеп оқушысы ертеңгі күні түрлі саладағы маман иесі болып, азат еліміздің жарқын болашағы болады деп санаймыз.

**Ақалтын СЕЙСЕКЕЕВА.**

● ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАРИХЫ

# Әжібай батыр

**Расул СЕРІКОВ,**
**Қазақстанның құрметті журналисі**

Қыпшақтың бір аталығы Бошай – жеті ру шаштының іргелі, үлкен бір тармағы. Шашты руының барлық аталары кезінде қазіргі Шиелі ауданы Бәйгеқұм ауылы, Оқшы ата кесенесінің маңында өмір сүрген. Уақыт өте келе Бошай және Шағыр ұрпақтары Сұлутөбе ауылының төңірегіне қоныстаныпты. Қариялардың айтуынша, олар жазда Сарысу өңірін, қыста Сыр бойының қалың тоғайын паналаған екен. Бошайдан Арыс пен Шыбық, Арыстан, Қалдау мен Келке тарайды. Олардан есімдері елге белгілі, атақты тұлғалар шыққан. Мәселен, 1792-1872 жылдары қазіргі Шиелі ауданына қарасты Сұлутөбе ауылында өмір сүрген Торғай датқаны айтуға болады. Хиуа хандығының датқасы болған жылдары ол елді отырықшылыққа үндеген. Елдің егін егіп, мал жайылымын суаруы үшін Сұлутөбенің батысынан шығысына қарай Боқтыбай каналын қаздырған. Датқа өз замандастары Тұрсынбай, Балаби, Досбол сынды елбасыларымен сыйласа отырып, елдегі түрлі дауларды ақылдаса шешіп отырған. Торғайдан Шоқай би (Шоқмұхамед), Қалымбет (Қалмұхамбет), Әліш (Әлмұхамед) және Оспан, Шоқайдан – Сыздық, Мұстафа, Нұртаза туады. Мұстафа Шоқайдың кім екені әлемге аян. Ал Әліш ауылдан төрт кластық бастауыш мектеп аштырған, Мұстафа да осы мектептен сауатын ашқан.

Торғай датқаның ағасы әрі ақылшысы бола білген Игілік әулие әділ, сопы кісі болған. Ол кісі туралы ел аузында небір аңызға бергісіз әңгіме бар. Соның бірінде Түркістанның қылуетінде жан-жақтан зиярат етіп келген сопы-әулиелер отырғанда бір леп соғып, жанып тұрған шырақ сөніп қалады. Қараңғыда бір дауыс "о, мүриттерім, мына сөнген шырақты жаға алатын кім бар?" деген сөзді екі рет қайталайды. Сұрақ үшінші рет қайталанғанда Игілік "ұлықсат болса, мен үміттеніп көрейін" деп шыраққа қарай "суффит" деп бір үрлегенде шырақ жарқ етіп сөніп қалады, екінші рет үрлегенде тұтанып кетеді. Сонда әлгі дауыс "қап, әттеген-ай, төсегі аздап кір болмағанда мына кісі ұшып кететін әулие екен" дегенде сол жерде отырған мүриттер Игіліктің киімін "тәбәрік" деп жыртып алған екен. Содан кейін оны ел "Игілік әулие" деп атап кетті. Тағы бірде "Наршоқының" басында Торғай датқа Игілік ағасымен ақылдасып отырса, алыстан ақ киімді, салт атты кісі көрінеді. Торғай датқа: "Аға, мына кісінің асықпай келе жатқаны, атқа отырысы маған ұнап тұр" дегенде Игілік: "Әй, Торғай, сенің көзің бар, мына жігіттің алды да, арты да, атқа отырысы да келісіп-ақ тұр екен. Өзі бізге әдейілеп ұзақ жолдан келе жатқан секілді. Парасатты, тиянақты жанға ұқсайды. Тегінде бізге адал көмекші, елге пайдасы тиетін азамат болып қалар" дейді. Шындығында ол жолаушы Арқадағы найман елінен кінәлі болып, Сыр бойына Торғай датқаны паналап келе жатқан Оразай ишан болып шығады. Оразайдың соңынан жеткен қуғыншылар оның аты Торғай датқаның үйінің белдеуінде байланып тұрғанын көргенде тайсалып қалыпты. Торғай датқа қуғыншыларға өлген адамның құнын өтейді де Оразайды өзіне өкіл бала етіп, Сырдың жағасынан жер береді. Игілік әулие сынаған, атқа отырысынан-ақ таныған Оразай Әліш ашқан мешітте балаларды мұсылманша оқытады, өзі елге аса беделді кісі болады.

Қыпшақтың Шашты руының Бошай әулетінен шыққан батырлардың бірі Биікбай батыр әкесі Балтадан анасының құрсағында қалады. Он алты жасынан Қоқан әскерлерімен, түрікпендермен болған шайқастарға қатысып, батыр атанған. Бұл кісінің ерекше қасиетінің бірі – елдегі жетім балаларды өз баласы етіп асырап, аман алып қалатыны. Шөмекейдің Бозғұл руынан шыққан Құлқа батыр түрікпендерге жорық жасағанда, Биікбай батыр қыпшақ қолын басқарып барып, жеңіспен оралған. Сол жолғы жорықта қаза тапқан түрікпен батырының 4 жасар баласын елге әкеліп, баласындай асырап, жетілдірген. Ел аузындағы аңызға зер салсақ, кіші жүз жағынан келген бір ұры батырдың жорыққа мінетін атын суытып жүрген баланы ауыл сыртында аттан аударып, атын барымталап кетеді. Мұны естіп, ашуланған Биікбай батыр өзінің қырық сарбазын ертіп, ұрының соңынан қуады. Жолда сәл тынығып алуға жатқан кезде түсіне ақсақалды қария еніп: "Тұр, балам, алдыңдағы жол екі айырылады, оң жағына түс, жол айырықта қоржын жатады, соны ал" дейді. Атып тұрып, шаба жөнеледі, шынында да жол айырықта қоржын жатыр екен, найзасының ұшымен іліп алып, қанжығасына байлайды. Бұл хабар жорыққа бірге шығып жүрген кіші жүздің батырларына жетеді. Олар ат-шапан айыбымен ұрыны қоса беріп, Биікбай батырдың кешірімін алады. Ашуы қайтқан Биікбай батыр қоржынды ашып қараса ішінде кітап бар екен. Оны қолына алған заматта тіліне жыр шумақтары оралады. Өзінің тосын қимылынан сескенген Биікбай бірнеше күн үйінен шықпай жатып қалады. Ел арасында "батыр жындынып кетіпті" деген әңгіме тарайды. Биікбай батыр астындағы ақбоз атын құрбандыққа шалып, елді жинап құран оқытады. Ел тарағаннан кейін молданы оңашалап алып қалып, өз жағдайын баяндайды. Сонда молда: "Саған иесіз қалған шайырдың аруағы қонған екен, енді ақындық жол ұстайсың, жеті ұрпағыңа дейін ақын болады немесе аузы дуалы болады. Енді жорыққа шығуыңды тоқтат" дейді. Шындығында да Биікбайдың ұрпақтарынан ақын да, бір айтар кісі де шыққан.

Бошайдан шыққан тағы бір аруақты батыр – Әжібай. Қазіргі Шиелі ауданындағы Сұлутөбе және Тартоғай стансалары аралығында Майлытоғай деген ауыл бар. Солтүстігінде Нәнсай арнасы, оңтүстігінде Сырдария мен Итаяқ көлі, шығысында Бекмырза құмы мен Әулие тораңғыл, батысында Буранның құмы мен Қара ой орналасқан. Кезінде сан түрлі өсімдіктер мен жабайы жануарларға толы мекен болғандықтан Майлытоғай атанса керек. Табиғаты осындай көркем ауылда 1791 жылы қыпшақтардың шашты руының Бошай тармағынан шыққан тұлғалардың бірі Әжібай Қарпықұлы дүниеге келген. Ол Сыр елінің азаттығы үшін күрескен. Әжібай ірі денелі, қарулы қара күш иесі болған. Біраз уақыт Арқа еліндегі ағайын арасында Ұлытау өңірінде ел басқарған белгілі бидің қасында болса керек. Бірде әлгі бидің үйіне лауазымды кісі келетін болады да Әжібайды отын дайындауға жібереді. Атқа арба жегіп, отынға барады. Шапқан отынын арбаға басып, атқа жегіп айдаса, аты тарта алмай тұралап қалады. Бұған ыза болған Әжібай атты бауыздап тастайды. Сөйтіп оны көтеріп алып отынның үстіне тастайды да өзі арбаны сүйретіп ауылға келеді. Арбаны есік алдына қойып демалмақшы болып көгалға шалқасынан жатқан үстінен би шығады. Отын тола арбаны, оның үстіндегі бауыздалған атты, арбаның жанында құлашын кең жайып жатқан жігітті көрген би "осыншама қара күші бар, құлашым жеткен жерге дейін билермін деген сұсы бар бұл жігіт жәй адам болмады ғой" деп Әжібайға қамқорлық танытқан екен.



Содан кейін Арқадағы ағайын Әжібайды "ат көтерген алып" деп атаған көрінеді.

Әжібай батыр 1822-1825 жылдары аға сұлтан Ерден Сандыбайұлының көмекшісі болған. Сондай-ақ ол Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісін қолдап әрі оған қатысады. Кенесары Орынбор және Батыс Сібір губернаторлықтарының жеріне тұрақтай алмай, оңтүстікке ойысқанда Ресей үкіметінің қысымы мен қуғынына ұшыраған Әжібайдың елі де Сарыарқадан Сыр бойының Қоқан хандығына қараған Шиелі өңіріне көшіп барған. Әжібайды Қоқан ханы өз руының датқасы етіп бекіткен. 1861 жылдың 11-25 маусымында орыс патшасының тікелей нұсқауымен Орынбор мен Омбы губернияларында тұратын орта және кіші жүздің 189 беделді өкілі қатысқан қатаң шекаралық тәртіп жөнінде съезд өткізіледі. Осы съезге қатысқан Әжібай батыр туралы "Қыпшақтың белгілі биі, Кенесары мен Сыр бойына көшкен елдің бір бөлігіне Ақмешіт бекінісі құлағанға дейін датқа болған Әжібай Қарпықов" деп көрсетілген. Сонымен қатар Омбы облыстық



мемлекеттік мұражайында сақталған құжаттарда Сарысу бойын жайлайтын кіші жүз рулары мен Ұлытаудың батыс бөктерін мекендеген қыпшақтардың арасындағы мал дауын шешуде Әжібайдың ерекше ықпалы болғандығы атап көрсетілген. Әжібай батыр туралы ел аузында айтылып жүрген аңыз көп. Соның бір-екеуіне құлақ түрелік.

Кенесары ханның қолы Арқадан ауып, Сырдың үстімен жүріп өтіп, 1844 жылы Шу өңіріне жетіп тұрақтаған екен. Жасақшылары жолда кездескен малды айдап әкете берген деседі. Бұл ылаңнан Сыр бойы қыпшақтары да сырт қалмапты. Жайлаудағы жылқыларының қуылып әкетілгенін естіген елдің би-датқалары кеңеске жиналып, барымташылардың артынан қуғыншыға жіберетін елшіліктің есебін таппай таласып отырғанда Әжібай "келісім берсеңіздер, мен барайын" депті. Билердің келісімін алған Әжібай жігіттерін жасақтап, жолға шығады. Өз жылқылары Қожық батыр жасақшыларының қолында дегенді естіген Әжібай Шу бойындағы сол ауылға келіп тоқтайды. Алдарынан шыққан күтушілер қонақжайға түсуді ұсынады. Әжібай "біз қонақ емеспіз, ағамызға сәлем беруге келе жатырмыз, өз үйіне барамыз" дейді. Мұны естіген Қожық батыр "сәлемі бар ағайын болса, келсін" деп рұқсатын береді. Әжібай аттан түсіп, батырдың үйіне кіреді. Үй иесі төрдегі ағаш керуеттің үстінде шалқасынан түсіп жатыр екен, Әжібай оған дауыстап сәлем беріп: "қосыңыздың осында екенін біліп сәлем бере келдік, Сырдың біраз жылқысы Қырға қарай желдеп кеткен екен, соны осы жақтан біле қайтайық деген есебіміз де бар" дейді. Сонда батыр басын көтеріп, Әжібайға бұрыла қарап: "Сырдың қай баласысың?" дегенде ол: "Сырдың бар баласымын, сыртқа жұмсап тұратын шабарманымын" деп жауап береді. "Бар баласы сендей болғанда Сырдың датқалары қандай болғаны?" деп таңданған батырға Әжібай "тап өзіңіздей" дейді. Әжібаймен біраз сөз жарыстырған батыр оны сынап көргісі келгені болар, кеңесшілеріне өзінің ел аралап қайтатынын, оған дейінгі халықтан түскен дау-дамайды, арыз-шағымды осы жігіттің шешетінін айтып, өзі жол жүріп кетеді. Батыр қайтып оралғанша халықтан тоғыз шағым түсіп, бәрі де Әжібайдың төрелігімен әділ шешімін табады. Ауылына оралған батыр "Бұл батырдың қандай жақыны екен, айтқан төрелігі мен әділдігі бидің өзінен кем шықпайды екен, асып жатпаса" деген әңгімені естіп, Әжібай інісіне қатты риза болыпты. Жұртын жинап той жасап, Әжібайдың айдалған жылқысын өсімөтемімен алдына салып беріп, еліне қайтарған екен.

Жас кезінде, шамасы 16-17 жастағы кезі болса керек, Әжібай құм ішінде жылқы қайырып жүріп, алыстан жылтыраған от көреді. Жақындап келсе жылап отырған кемпір-шал екен. Жағдайларын сұрағанда Түркістанда тұратын Қоқан бегі Жөлекке келіп, датқалармен мәжіліс құрып, зекет жиынының есебін алып жатқанын біледі. Бектің озбырлығының асқаны сонша әр күн сайын марқа қозының етін пісіртіп жеп жатқанымен қоймай қойнына қыз салуды бұйырады. Қорғаушысы жоқ қарияларға атқамінерлердің бірі келіп, бойжеткен жалғыз қызын бектің қасына жіберуді бұйырыпты. Амалдары таусылған қарттарға "абыржымаңыздар, ретін өзім келтіремін" деп қыздың қашан, қайда бару қажеттігін сұрап, өзінің сол уақытта сол арада болатынын және қыздың үлкендеу киімдерін әкелу қажеттігін айтып, кетіп қалады. Уағдаласқан уақытта келіп, қыздың киімін киіп, қыз шақырылған жерге барады. Күтіп тұрған бекке "Әжібай қыз" соңынан еруге белгі беріп, оны қалың қара шеңгелдің ішіне қарай бастайды. Адам дауысы естілмейтіндей жерге келген "қыз" шапшаң қимылдап, бекті жерге алып ұрып, алқымына қанжарын қадап: "не қалайсың, өлтірейін бе, жіберейін бе?" дейді. Бек: "шыбын жанымды қия гөр, қалаған тілегіңді орындайын" дейді. Ажалдан аман қалған бек бұл сырдың екеуара құпия болып қалуын өтінеді де Әжібайға жақын арада датқалардың Түркістанға жиналатынын, соған келуін, өзінің күтіп алатынын айтады. Сөйтіп Әжібай жәбір көрген кемпір-шалдың қызына бостандық әперіп, киімін қайтарады, қариялардың батасын алады. Арада біршама уақыт өткенде датқалардың Түркістанға жүргелі жатқанын естіген Әжібай табыннан бір жарамды ат ұстап мініп, датқаларға ере жолға шығады. Түркістанға келген соң датқалар өздеріне арнайы дайындалған шайхананың қасына қостарын тігіп, жайғасады. Әжібай көрсетілген сілтемемен бектің үйіне келеді. Дарбазаны қаққанымен бектің ұйықтап жатқанын айтқан күзетші есікті аша қоймайды. Сонда Әжібай: "Бекті оятып, Әжібай келіп тұр деп айт" дейді. Орнынан тұрған бек күзетшіге қонақты кіргізіп, атын жайлауды, әйеліне монша дайындап, ауқат әзірлеуді тапсырады. Өзі сыртқа шығып, Әжібайды күтіп алады. Әжібай моншаға түсіп, тамақтанып демалуға жатады. Ертеңіне бектің өзінің салтанатқа киетін киімімен бірдей етіп дайындатып қойған киімдерін киіп, онымен бірге датқалар жиналған мәжіліске барады. Бұрын бек жалғыз өзі отыратын мәжіліс төрінде бұл жолы онымен бірдей шенді Әжібай бірге отырады. Датқалар кезек-кезек сөз алып, шешілмей жүрген дауларын талқылап, бек алдында шештіріп алады. Оған Әжібай да араласып отырады. Мәжіліс аяқталарда бек Сырдың датқаларына бұдан былай ел ішінің тірлігіне қатысты шаруа мен дау-дамайды Әжібайдың алдында шешуге болатынын жеткізеді. Содан бастап Әжібай батыр "халық датқасы" деп атанған көрінеді. Ел аузындағы "төрт датқаға билік айтқан би Әжібай" деген сөз осыдан өрбісе керек.

Сыр бойының датқалары жиналып, бір даудың шешімін таппай өзара дауласып жатқанда үстеріне Әжібай келіп қалады. Әңгіме төркінін бағамдаған ол датқалардың сөзін бөліп: "мырзалар, мен бір ту бие сойып едім, еті сасып барады, не істесем екен?" дейді. "Тұз себу керек" дейді отырғандар. "Тұз сасыса қайтпекпін?" дегенде датқалар сөз таппай, тосылып қалады. Сонда Әжібай: "Сіздер елдің тұзы емессіздер ме, осылай таласқанда халық қайда барып жарасады" депті. Осыдан кейін датқалар сабасына түскен екен.

Әжібай батыр Сыр елінің азаттығы үшін күрескен. Ел аузынан алынған дерек бойынша Әжібай ірі, ержүрек, ажарлы кісі болған. Ол кебісін Тәшкенде арнайы тапсырыспен тіккізетін. Бір сапарында тапсырысқа уақыты болмай кездескен ләпкіден "үлкендеу кебісің бар ма?" деп сұраса, сатушы өзбек әріректен бір пар кебісті алып жатып: "Бұл кебіс Әжібай әкама да сияды" депті. "Онда маған да сияды, бере ғой" деп киіп көрместен ақысын төлеп, қолтығына қысып жүре берген екен. Батыр бабамыз 75 жасында қайтыс болған. Сыр бойының атақты ақыны Бұдабай Қабылұлы Әжібайдың қазасына:

Елу сегіз жасында,
Шалқыдың шалқар теңіздей.
Елу тоғыз жасында,
Көзге түстің семіздей.
Әжібай-Торғай атандың,
Бірге туған егіздей.
Алаштан алдың алғысты,
Атаңа нәлет дегізбей.
Әділеттілігің жайылды,
Наушаруан салған негіздей, – деп көңіл айтыпты.

Есімі рудың атына телінген әрі батыр, әрі датқа, әрі би атанған Әжібай Қарпықұлының бүгінгі ұрпақтары еліміздің ірі қалаларымен қоса Шиелі, Тартоғай, Майлытоғай өңірлерінде өмір сүріп жатыр. "Өлі риза болмай, тірі байымайды" дегендейін, ата-баба кесенесі қайта қалпына келтіруді қажет етеді. Сонымен қатар қазіргі Майлытоғай ауылын батыр баба атымен ауыстырса деген тілек бар. Шиелі ауданы әкімшілігі елдің осы ұсынысына оң қабақ танытса деген ойымыз бар.

Қызылорда қаласы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 283 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
05.02.2016 жылы № 5340 тіркелген

# Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және «Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексіне сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген жобалық құжаттама негізінде Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандарының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері;

Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандарының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандарының әкімдері және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Көшербаев**

КЕЛІСІЛДІ
«Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі
Арал-Сырдария бассейндік
инспекциясы» республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_______________Ә. Қарлыханов
2015 жылғы«____»___________

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «29» желтоқсандағы
№283 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының Шиелі және Сырдария аудандарының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 284 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
05.02.2016 жылы № 5341 тіркелген

# Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандары аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және «Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексіне сәйкес Қызылорда облысыныңәкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген жобалық құжаттама негізінде Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері;

Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының әкімдері және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Көшербаев**

КЕЛІСІЛДІ
«Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
Министрлігі Су ресурстары
комитетінің Су ресурстарын
пайдалануды реттеу және
қорғау жөніндегі Арал-Сырдария
бассейндік инспекциясы»
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_______________ Ә. Қарлыханов
2015 жылғы«____»___________

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы
«29» желтоқсандағы № 284 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергиямен жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен және улы химикаттармен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардыңүстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.

2. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымдары объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы
2016 жылғы 5 ақпан
№ 327

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде
11.02.2016 жылы № 5347 тіркелген

# 2016 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы №3-1/600 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы №3-2-10/432 хатына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидиялау бағыттары бойынша өлшемдер мен талаптар;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер, сондай-ақ, субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі** **Қ. Көшербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы
«5» ақпандағы № 327 қаулысына 1-қосымша

Субсидиялау бағыттары бойынша өлшемдер мен талаптар

| № | Субсидиялау бағыты | Өлшемдер мен талаптар |
|---|---|---|
| 1 | Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру | меншік немесе ұзақ мерзімді (бес жылдан кем емес) жалға алу немесе материалдық-техникалық базаға лизинг құқығында иелік етуі |
| | | штатында тиісті мамандықтар бойынша қызметкерлерінің болуы міндетті |
| 2 | Ірі, шырынды, құрама жем-шөп пен жем-шөп қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату | |
| | ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 50 бастан кем емес; малды күтіп-бағуға арналған қоралар, науалар, сумен жабдықтау, жем-шөп дайындау техникасының болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы, 1-деңгей | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 400 бастан, орташа жылдық сауын сиыр 350 бастан, бір сиырдан орташа сауылым 4500 килограмнан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық талдамалық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары, 1-деңгей | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 400 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және ақпараттық талдамалық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі сиыр мен қашарлардың (2 жастан ересек) аналығы 50-ден 400 басқа дейін, бір сиырдан орташа сауылым 2500 килограмнан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | қойлар | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі қойдың аналық мал басы 300-ден кем емес; қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | жылқылар | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі жылқының аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |
| | түйелер | ағымдағы жылғы 1 қаңтарға меншігіндегі түйенің аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу |

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы «5» ақпандағы № 327 қаулысына 2-қосымша

Субсидиялау бағыттары бойынша нормативтер,
сондай-ақ, субсидиялар көлемдері

| | Субсидиялаубағыттары | 1 бірлікке арналған субсидия нормативтері, теңге | Субсидия көлемі | |
|---|---|---|---|---|
| | | | бас, тонна | мың теңге |
| Мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Шаруа (фермерлік), жеке қосалқы шаруашылықтарда және өндірістік кооперативтерде ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыруды ұйымдастыру | 4000 | 10525 | 42100 |
| Етті бағыттағы мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | | | |
| 1) | тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық басы | 18000 | 28091 | 505638 |
| 2) | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | 20000 | 1188 | 23760 |
| 2. | Асыл тұқымды және селекциялық ірі қара мал сатып алу | | | |
| 1) | отандық асыл тұқымды ірі қара мал | 154000 | 427 | 65758 |
| 3. | Сиыр еті өндірісінің құнын арзандату | | | |
| 1) | 1- деңгей | 300 | 700 | 210000 |
| 2) | 3-деңгей | 100 | 1617 | 161700 |
| 4. | Бұқашықтарды бірінші өндіріс деңгейдегі бордақылау алаңдарына өткізу | 24000 | 1576 | 37824 |
| 5. | Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату | 32661 | 9200 | 300481,2 |
| Сүтті бағыттағы мал шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | | | |
| 1) | асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы | 20000 | 1641 | 32820 |
| 2. | Асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу | | | |
| 1) | Отандық асыл тұқымды ірі қара мал | 154000 | 150 | 23100 |
| 3. | Сүт өндірісінің құнын арзандату | | | |
| 1) | 1-деңгей | 37 | 6150 | 227550 |
| 2) | 3-деңгей | 15 | 90 | 1350 |
| 4. | Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату | | | |
| 1) | 1-деңгейіндегі сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малының аналығы | 330786 | 979 | 323839,5 |
| 2) | 1- деңгейіндегі сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малының қашары | 251692 | 468 | 117791,9 |
| 3) | сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы | 67970 | 275 | 18691,8 |
| Қой шаруашылығы | | | | |
| 1. | Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу | | | |
| 1) | Тұқымдық түрлендірумен қамтылған қойлардың аналық басы | 1500 | 36013 | 54019,5 |
| 2) | асыл тұқымды шаруашылықтардағы қойлардың аналық басы | 1500 | 21000 | 31500 |
| 2. | Асыл тұқымды еркек тоқтылар мен тұсақтарды сатып алу | 8000 | 5690 | 45520 |
| 3. | Қой (қозы) еті өндірісінің құнын арзандату | | | |
| 1) | 1-деңгей | 200 | 80 | 16000 |
| 2) | 2-деңгей | 100 | 73 | 7300 |
| 4. | Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату | 2308,6 | 38000 | 87726,4 |
| Жылқы шаруашылығы | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды жылқыларды сатып алу | 40000 | 442 | 17680 |
| 2. | Жылқы еті өндірісінің құнын арзандату | 92 | 113 | 10396 |
| 3. | Қымыз өндірісінің құнын арзандату | 60 | 85 | 5100 |
| 4. | Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату | 9530 | 1758 | 16753,7 |
| Түйе шаруашылығы | | | | |
| 1. | Асыл тұқымды түйелер сатып алу | 37000 | 125 | 4625 |
| 2. | Түйе еті өндірісінің құнын арзандату | 90 | 50 | 4500 |
| 3. | Шұбат (биошұбат және жақсартылған шұбат) өндірісінің құнын арзандату | 55 | 225 | 12375 |
| 4. | Ірі, шырынды және құрама жемшөп пен жемшөптік қоспаларды дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандату | 5855 | 400 | 2342 |
| Облыс бойынша барлығы | | x | x | 2408242 |


КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ БОЙЫНША БЕЛГІЛІ БАЛГЕР ЖӘНЕ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗУШЫ

АННА

Егер де сізді мынадай жайлар мазаласа:
• Дуа жасау, көз тию, өсек-аяңға ұшырау, адамдардың қызғанышын тудыру, көреалмаушылық;
• Қайғы-қасіретке ұшырау;
• Маскүнемдік (суретке қарап та емдейді);
• Күйзеліске ұшырау, қорқыныш, ұйқысыздық, күш-қуаттың кетуі;
• Жұбайлардың кетіп қалуы;
• Белсіздік, баласыздық;
• Жалғыздық, некесіз тұру;
• Жұмыста, бизнестегі сәтсіздіктер;
• Отбасындағы жанжал, ата-ана мен балалар арасындағы қатынастың бұзылуы;
• Жолы болмау, сәтсіздіктерден арылмау.



Маған дуа жасалғанын тапқан Аннаға алғысымды білдіремін. Ол бар дуаны кетірудің әдісін жасады. Мен тазару кезінде тұмар мен тастарды пайдаландым. Осы жайлардан кейін мен бала көтердім. Біз бұл күнді төрт жыл күтіп едік.

Құрметпен, Думайбековтер отбасы.

Анна осыдан екі жыл бұрын басқа әйелге кеткен менің күйеуімді қайтарды. Бұл жағдай маған ауыр соққы болды. Өйткені мен өмірімнің жақсы жылдарын күйеуіме арнағанмын, оның үстіне үш баламыз бар. Анна күйеуімнің кетіп қалуын суретке қарап оқыды, үйді қалай сақтап, тазалау керектігін үйретті. Мен оның кеңесінің бәрін орындадым. Соның арқасында қазір күйеуіммен біргемін.Қазір бақыттымын, балаларымның қасында әкесі бар. Анна сізге көп-көп рахмет.

Құрметпен, Әмина.

Кәсіпкерлікпен 7 жыл айналыстым. Өткен жылы түсініксіз жағдай болды. Табыс бірден түсіп кетті. Қиындықтарға ұшырап, денсаулығым сыр бере бастады. Бір күні әйелім екеуміз үйден бөтен әйел орамалы мен қара жіппен байланған ат кекілін тауып алдық. Аннаға бардық. Ол бірден картасын жайып, бізге дуа жасалғанын, содан табысымыздың азайып, жолымыздың болмай жүргенін айтты. Анна бізді тұмармен қорғануға үйретті. Осыдан кейін жағдайымыз жақсарып, жұмысымыз жүре бастады. Ісім оңға басып, табысымыз молая түсті. Сол үшін де Аннаға айтар алғысымыз шексіз.

Арсен.

Аннаның үйінде болып, оның кеңесін алып, оқыған тұмары мен әдістерінің арқасында күйеуім өзге әйелдің соңынан ермейтін болды. Қазір салмақты, маған және балаларына көп көңіл бөледі. Сондықтан да Аннаға шынайы ризашылығымды білдіргім келеді.

Диана.

Маскүнемдікке салынғаннан кейін мен барымнан айырылдым. Ес жиғанда бәрі де кеш болды. Ішуді өздігімнен қоя алмадым. Мені Анна құтқарды. Ол маған құпия жоралар жасап, онан кейін өзімді қалай ұстау керектігімді айтып тұмар оқып берді. Содан бері ішімдікке еш зауқым жоқ, ол туралы ойламайтын болдым. Маған көмек қолын созған Аннаға алғысым шексіз.

Мирас.

Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыптасып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршіммен ұрысқаннан кейін бізді бір қырсық айналдырды. Күйеуіміз екеуміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулада баламызды соққыға жыққаннан кейін қорқыныштан кекештеніп қалды. Жөй әзілдегеннен қорқатын болды. Біз Аннаның қабылдауында болып, бар жайсыздықтар дуаның әсерінен болып жатқанын білдік. Ол бар тәсілдерді жасап, көз тию мен жасалған дуадан тазартты. Оқып берген көзмоншағы мен тұмарын кіреберіс босағаға іліп қойдық. Содан кейін отбасымызда бәрі жақсара бастады. Балам кекештенуі мен қорқуын қойды. Аннаның берген тұмарын жанынан тастамайды.

Фатима.

Анна Сіздерді ақпанның 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 күндері сағат 10.00-ден 14.00-ге дейін мына мекен-жайда күтеді: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 30 (офиске Есенов көшесімен кіреді, Анна деген жазу ілулі тұрады, Болашақ аялдамасы).


## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Артаева Ардақ Әбубәкірқызының атына Қызылорда медициналық колледжін «Фармация» мамандығы бойынша 01.07.2004 жылы бітіргені жөнінде берілген ОАБ 03007753 дипломының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Искаков Арапбай Жумагуловичтің атына Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылындағы №55 С.Қожанов атындағы орта мектепті 1981 жылы бітіргені жөнінде берілген № 186211 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Кенесариева Гульнур Дайрабаевнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Беймбет Майлин көшесі, №64 А үйге (бұрынғы Ақмырза Ахун көшесі №64 үй) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-001-924, №0117406 1.08.2006 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Бегіманов Арыстанбек Өмірзақұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, А.Тоқмағанбетов ауылы, Тәшімов көшесі 18/1 А үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-153-012-354, №0112128) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Койлыбаева Света Тураковнаның атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Чижа Сантина көшесі, №75 үйге (қазіргі Бауыржан Момышұлы көшесі, 75 үй) берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-015-2039, №0178817 15.10.2010 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Күнтуарова Аққудың атына №12 Қармақшы аграрлы-техникалық колледжін 25.06.2015 жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ №0751315 дипломы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Тәжтай Жандос Алтынбекұлының атына Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылындағы №32 І.Ж.Қабылов атындағы орта мектепті 19.06.2010 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0156032 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Серикбаева Ляззат Сериковнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы №204 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті 2005 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ №1482574 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қызылорда облысы әкімінің аппараты облыс әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы Рахметов Ғалымжан Өмірзақұлына анасы

**Рахметова Дариха Ағыбайқызының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

«Бурводстрой» ЖШС ұжымы серіктестіктің еңбек ардагері

**Жанкуат Матжановтың**

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

**Облыстық балалар ауруханасында "Жастар ресурстық орталығы" КММ, "Ұлағат Ұландары" жастар қоғамдық бірлестігінің және "Қазақстан Жастарының Конгресі" өкілдерінің ұйымдастыруымен республикалық "Жақсылық жаса" акциясы аясында "Күлкі терапиясы" қайырымдылық шарасы өтті.**

# БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАРҒА



Аталған шараның мақсаты – осындағы емделуші балалардың көңіл күйін көтеріп, шаттық шуағын сыйлау, олардың сауығып кетулеріне септігін тигізу. Шара барысында клоун, сиқыршы кейпіндегі "Ұлағат ұландары" қоғамдық бірлестігінің тәлімгерлері бауырмалдыққа баулитын түрлі ойындар ойнатып, жастардың ақ тілектері жазылған хаттар таркатты. "Қуанса, бала қуансын" деген осы шығар.

Қызылорда облыстық "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің директоры Ж.Алдабергенов: "Осындай қайырымдылық шарасын өткізуді соңғы 2 жылдан бері үрдіске айналдырдық. Әр жыл сайын мектеп оқушыларына, жетімдер үйінің балаларына, сондай-ақ, науқас бүлдіршіндерге қуаныш сыйлап, олардың да назардан тыс қалмайтынын сезіндіргіміз келеді", – деді.

Ауруханада ем алып жатқан 150-ге тарта балаға арнайы сыйлықтар табыстап, клоундар қызықты қойылымдар қойды. Олар ауыр науқастанып жатқан балалардың бөлмелерін аралап, сыйлық таратты. Балалардың дертіне шипа, жанына дауа болған осындай игі шараға аурухана ұжымы мен емделуші балалардың аналары да ризашылығын білдірді.

**Гүлхан ЯХИЯЕВА.**

# БІР ӨЛЕҢІ БІР ЕЛДІҢ МҰРАСЫНДАЙ



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында ұлттың поэзиясын биікке көтерген ақиық ақын М.Мақатаевтың 85 жылдығына арналған "Өмір-өлең" атты жыр кеші өтті.

Жыр кешіне №264, №3 мектеп-лицейдің, №2 "Мұрагер" мектебі мен №15 мектеп гимназиясының, №7, №12, №189 және №222 орта мектептер мен №6 есту қабілеті нашар балаларға арналған түзету мектеп-интернатының оқушылары қатысты. Бір күндік сәуледей ағып өткен қысқа ғұмырында өшпес із қалдыра білген мұзбалақ ақынның сыршыл да сезімтал өлеңдерін жатқа айтып, көрермендер көшеметіне ие болды. Сонымен қатар, балалар өздерінің М.Мақатаевқа арнаған жүрекжарды жыр шумақтарын да оқыды. Шара барысында ақынның сөзіне жазылған әндерді орындап, "Көркем-ай" би тобы өз өнерлерін көрсетті.

Кеш соңында "Өмірге шуақ төккен өлеңменен" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандар М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған бейнебаян мен "Менің анкетам" өлеңі бойынша қойылған көріністі тамашалады.

***

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаменті ЗК-165/5 мекемесінде М.Мақатаевтың 85 жылдығына орай "Ғасырда бір туатын дарабоз" атты әдеби-сазды кеш өтті. Шараның басты мақсаты ішкі істер органдары қызметкерлеріне ақынның шығармашылығын насихаттау болатын.

Әдеби кеш "Жазылар мен туралы естеліктер", "Поэзия – жүрек тілі", "Аққудың канатына жазылған сыр" және "Құлақтан кіріп бойды алар" бөлімдерінен тұрды. Алғашқы бөлімінде ақынның өмірі жайлы бейнебаян көрсетілді. Ал, келесі бөлімде Жалағаш аудандық пробация қызметінің аға инспекторы А.Сақыбеков, ЗК-169/5 мекемесінің мемлекеттік тіл маманы А.Әбдрашитова ақын өлеңдерін жатқа оқыды. Келесі сәтте ақынның сөзіне жазылған "Қайран жеңгем", "Сенің көзің" әнін Р.Байділдаев нақышына келтіріп орындап шықты. "Аққудың қанатына жазылған сыр" бөлімінде мекеме қызметкерлерінің қатысуымен "Аққулар ұйықтағанда" поэмасынан сахналық қойылым көрсетілді.

Кеш соңында мекеме бастығы Т.Қалымбетов мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытындағы жұмыстарға үздіксіз қатысып жүрген Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының тілдерді дамыту және әдістемелік жұмыстар бөлімінің басшысы Л.Есімова мен ҚМУ-дың профессоры А.Абасиловты департамент бастығының Алғыс хатымен марапаттады.

**Гүлнәр ДҮЙСЕБАЕВА.**

# ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ КЕЗДЕСУ

**Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. Елбасымыздың «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп айтқан сөзі жарқын болашаққа апарар жолды меңзеп тұрғандай. Шын мәнінде бүгінгі жас – ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті білімді, рухани бай, тәрбиелі, жан-жақты азамат тәрбиелеу мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың басты міндеті.**

Бейсенбі күні М.Шоқай атындағы №187 қазақ орта мектебінде «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік аясында «Оқушы үні «Менің жүрегімдегі бір үзік сыр» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Жиынның құрметті қонағы ретінде педогогика ғылымдарының докторы, балалар ақыны Рахат Наурызбайқызы арнайы шақырылыпты. Сонымен қатар ата-аналар, оқушылар, ардагер ұстаздар мен мектеп мұғалімдері қатысты.

Кездесудің мақсаты қоғам өміріне белсене араласып жүрген аға буын өкілдері мен мектеп оқушыларының арасындағы байланысты нығайту, балалар мен жасөспірімдерді әдебиет, кітап әлеміне баулу, балалар ақыны Р.Наурызбаеваның өмірлік және шығармашылық тәжірибесімен таныстыру болып табылады. Жиынды мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Егізбаева ашып, мұндай кездесулердің оқушыларға берері мол екенін жеткізді.

Кездесу барысында оқушылар ақынның сөзіне жазылған «Тілашар» әнін орындап, бірнеше өлеңдерін жатқа оқыды. Рахат апай балаларға тағылымы мол әңгімелерін айтып, қызықты мысалдар келтірді. «Табиғатты сүй, балам» деп өлеңін оқыды. Сонымен қатар ата-аналар мен ұстаздар арасында бала тәрбиесі, оқушыларға өтпелі кезеңіндегі қиындықтарын жеңуге қалай көмектесу керек деген мәселелер талқыланып, тәжірибелерімен бөлісті. Оқушылар көкейлерінде жүрген сан түрлі сауалдарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Осындай шара ұйымдастырған білім ордасына ризашылығын білдірген Рахат Наурызбаева кеш соңында әр жылда жарық көрген өзінің туындыларын мектеп кітапханасына сыйға тартты.

Мектеп қабырғасында өтіп жатқан онкүндік келесі күні қайырымдылық концертпен жалғасты. «Мейірім» атты мерекелік шара үйден оқытылатын мүмкіндігі шектеулі балалардың қатысуымен өтті.

**Гүлхан ЯХИЯЕВА.**

# БАЙҚОҢЫРДАҒЫ АҚЫЛЫ ТУРИЗМ

**Байқоңырдың туристік әлеуетін дамыту мақсатында еліміздегі туристік компаниялар ғарыш айлағынан кемелердің ұшырылымын туристерге тамашалатуды қолға алды. Аймағымыздағы мәдени-танымдық туризмді дамытуға болатын «Байқоңыр» кешені енді туристерді молынан тартатын орын болады.**

Жуырда отандық «Turan Asia» туристік компаниясы Байқоңырдағы ұшырылымдарға ұсыныстар қабылдай бастады. Туроператор Сыр еліне келгісі келетін туристерге қызықты жобалар әзірлеп жатыр. Мәселен, ғарыш айлағына ат басын тіреген турист «Союз» зымыран-тасығышын жинақтау және сынау корпусынан шығару, ұшырылым тұғырына орнату, зымыранды ұшыруды өз көзімен көру мүмкіндігіне ие болады және осыған орай өткізілген шараларға қатысады.

Қонақтар Байқоңырға Алматыдан Қызылордаға дейін ұшақпен, кейін Төретам стансасына дейін пойызбен немесе Алматыдан Төретам стансасына дейін пойызбен жетеді. Турагенттіктің ұсынып отырған бағдарламасына орай бір адам үшін екі күн және бір түнге арналған авиабағдарлама құны 158 мың тенге, ал теміржол бағдарламасы 141 мың теңгеге шығады.

Негізінен ғарыш айлағына бару үшін «Ресей Ғарыш агенттігінің» арнайы рұқсатын алу керек. Енді бұл шаруамен турагенттіктің өзі айналысады. Шетел азаматтары үшін өтінішті қарастыруға 60 күндей уақыт кетсе, туристерге көрсетілетін экскурсияның және ғарыш айлағындағы нысандарды аралау тәртібі зымыран ұшыру мерзіміне байланысты. Ұшыру мерзімінің кейінге шегерілуіне немесе ұшырылмай қалуына туристік оператор жауап бермейді. Фотоға және видеоға түсіру бақылаушы органдардың рұқсатымен және экскурсиялық нысанға келгенде бөлек төленетін болады.

**Нұрбек САҒАТҰЛЫ.**

# АРЗАН БАҒА ҚАЙДА БАР?



**Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ақпараттық-маркетингтік жүйесі арқылы күнделікті негізгі азық-түлік өнімдерінің бағаларына мониторинг жүргізіліп отыр.**

**Жүргізілген мониторингтің нәтижесінде бүгінгі күні ең арзан өнімдерді облыс аудандары мен Қызылорда қаласының төмендегі сауда үйлері мен базарларынан алуға болатындығын хабарлаймыз.**

**Қызылорда.** «Дәмді» әлеуметтік дүкендерінде күріш – 165, жұмыртқа – 26, нан – 40, картоп – 55, сәбіз – 65, қырыққабат – 75, пияз – 60, қант – 200, өсімдік майы – 340, 1 сұрыпты ұн 60 теңгеден сатылуда.

«Мирас» сауда үйінің ауласында орналасқан қоймада картоп – 55-60, пияз – 50-55, сәбіз – 65-70, қырыққабат – 70-75, қызылша 80 теңгеден сатылуда.

**Арал.** Арал қаласының жеке кәсіпкері С.Саяновтың «Қуантқан» дүкенінде күріш – 175-180, картоп – 55-60, пияз – 60, сәбіз – 75-80, қырыққабат – 80, қант –210, қарақұмық – 230, тауық еті – 480, өсімдік майы – 350-360, 1 сұрыпты бидай ұны 60 теңгеден, жеке кәсіпкер Н.Сапарбаевтың дүкенінде картоп – 60, пияз – 60, сәбіз – 85-100, қырыққабат – 85-100, жұмыртқа 24-25 теңгеден сатылуда.

**Қазалы.** «Әлеуметтік сауда дүкені» картоп – 60, пияз – 60, қырыққабат – 90, сәбіз – 80, қызылша – 90, сиыр еті – 1000, түйе еті – 900, қой еті – 1000, қарақұмық жармасы – 200, қант 200 теңгеден сатылуда.

«Фея-Перизат» сауда үйінде қырыққабат – 80, пияз – 60, картоп – 70, сәбіз – 80, қызылша 80 теңгеден сатылуда.

**Қармақшы.** «Бибінұр» базары мен «Жандос» дүкенінде картоп кг – 70 теңге, сәбіз – 80-90 теңге, жуа –60 теңгеден, қырыққабат – 80-90 теңге, жұмыртқа - 25 теңге, күріш кг- 160 теңге, қарақұмық жармасы кг - 220 теңге, сатылуда.

**Жалағаш.** «Бәйтерек», «Жібек» базарларында өсімдік майы – 310, картоп – 65-70, сәбіз – 90, пияз – 60 теңге, қырыққабат – 80, жұмыртқа – 24, «Ақниет», «Айдана» және «Қаракөз» дүкендерінен I сұрыпты бидай ұны – 56-84, нан – 47, жұмыртқа – 24, өсімдік майы – 310, пияз – 60, сәбіз – 90, картоп – 65-70, қырыққабат – 80, тауық еті 500 теңгеден.

**Сырдария.** «Өркен» және «Серікбол» дүкендерінде нан бағасы – 45, өсімдік майы – 310-330, қант – 200-210, картоп – 60-70, сәбіз – 90, пияз – 55-65, қырыққабат – 75-80, тауық еті – 480-550, жұмыртқа – 23-24, «Бақытжан», «Нұр» дүкендерінде жұмыртқа – 22-25, өсімдік майы – 350, қант – 220-230, қырыққабат 80 теңгеден сатылуда. «Коммуналдық» базарында бидай 1 сұрыпты бидай ұны – 57, нан бағасы – 45, өсімдік майы – 350, қырыққабат – 80, қант – 240, жұмыртқа – 25, тауық еті – 550 теңге.

**Шиелі.** «Ә.Шорабаев» базарында картоп – 60-70, пияз –50, сәбіз – 70, қырыққабат – 80, өсімдік майы – 350, қант – 210, жұмыртқаның 10 данасы – 240, тауық еті – 500, ет – 1000, тұз – 35 теңгеден. Сонымен қатар, I сортты бидай ұны 60-88 теңгеден сатылып жатыр.

**Жаңақорған.** «Мағжан», «Заңғар», «Сырдария», және «Нұрасыл» дүкендерінде 1 сұрыпты ұн – 60-84, нан – 45-55, өсімдік майы – 310-380, картоп – 55-60, пияз – 40-55, қырыққабат –70-80, сәбіз – 75-80, тауық еті – 480-550, жұмыртқаның 10 данасы 240 теңге болса, «Нұр» базарында еттің келісі – 1000-1100, жұмыртқаның 10 данасы – 240-250, жуа – 50, сәбіз – 80, картоп – 60-70, қырыққабат 80 теңгеден сатылуда.

# АЗЫҚ-ТҮЛІК ЕМЕС ТАУАРЛАР БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕУДЕ

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы қала және аудандық деңгейде халық тұрмысына аса қажетті 21 азық-түлік емес тауарлардың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізіп отыр.

Ағымдағы жылдың 11 ақпанында облыстық кәсіпкерлік басқармасы мен қала әкімдігі кәсіпкерлік бөлімінің қызметкерлері бірлесіп кезекті рейдке шығып, сауда орындарының хал-ахуалы мен азық-түлік емес тауарлардың бағаларын білді.

Кәсіпкерлердің айтуынша, қыс мезгілінің соңғы айы болғандықтан жылы киімдерге аса сұраныс жоқ. «Жайна», «Әнуар», «Атамекен», «Асбол», «Фристайл» сауда үйлері мен «Сыбаға», «Талғат», «Мирас» базарларында киім-кешектер мен тұрмыстық тауарларға едәуір жеңілдіктер жасалуда.

Мысалы, «Сыбаға», «Талғат» базарында маталардың барлық түрінен тігілген әйелдер көйлегінің орташа бағамы 6250 теңгені, әйелдердің қыстық және күздік аяқ киімдері 8125 теңгені, балалардың қыстық аяқ киімдері 3750 теңгені құрайды. Ал мектеп оқушыларына арналған дәптер 8-10 теңге аралығында, қаламсаптар 30-90 теңге аралығында сатылуда. «Жайна» сауда үйінде жалпы көптеген киімдерге 20-50 пайыз жеңілдіктер қойылған. Маталардың барлық түрінен тігілген әйелдер көйлегін жаппай сатылымға 2000 теңгеден, кейбір сапасы жоғары көйлектерді 50 пайыз жеңілдікпен, жаңадан келген тауарларды 8000-13000 теңге, ерлердің маусымдық аяқ киімдерін 5000-28000 теңге, ерлердің жейдесін 3000-8000 теңге аралығында халыққа ұсынуда. «Әнуар» сауда үйінде тұрмысқа қажетті тауарларға 10-25 пайыз аралығында жеңілдіктер жасалуда. Мәселен: 200 грамдық «Palmolive» сусабыны 291 теңгеден 233 теңгеге төмендетіліп, сусабын бағалары орташа бағамен 298,2 теңгені, иіс сабындар 130,6 теңгені, 200 грамдық кір сабын

56,5 теңгені, кір жуғыш ұнтақ 154 теңгені құрайды. «Фристайл» сауда үйінде әйелдердің кейбір маусымдық аяқ-киімдерін жаппай сатылымға 50 пайыз жеңілдікпен 5000 теңгеге, ал жеңілдіксіз күнделікті маусымдық аяқ-киімдерді орташа бағамен 23250 теңге, ерлердің маусымдық аяқ-киімдерін орташа бағамен 13400 теңге, балалардың маусымдық аяқ-киімдерін 8750 теңге, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдер көйлегі 15666 теңгеден сатылуда.

Ал «Атамекен» сауда үйінде де «Фристайл» сауда үйіндегідей біршама әйелдердің маусымдық аяқ-киімдерін жаппай сатылымға 5000 теңгеден шығарып, күнделікті маусымдық аяқ-киімдер 8800 теңгеден сатылуда. Кір жуғыш ұнтақ орташа бағамен 170 теңгені құраса, кір сабын 75 теңгеден сатылып жатыр. Сонымен қатар, техникалық тұрмыстық заттар өткізуші «Технодом» сауда үйінде 81 диагональді теледидар 64990 теңге, тоңазытқыш 74990 теңге, жартылай автоматты кір жуғыш машинаның орташа бағасы 40590 теңге, шаңсорғыш 17490 теңгеге сатылып жатыр.

Аудандық деңгейде күнделікті мониторинг нәтижесіне сәйкес халық тұрмысына аса қажет азық-түлік емес тауарлардың бағасы бірқалыпты. Жаңа тауарлардың бағаларында ғана аздап өзгерістер байқалады.

Жалпы мониторинг нәтижесіне сүйене келе, өңіріміздегі азық-түлік емес тауарлар бағасын өткен аптамен салыстырғанда аса өзгерістер байқалмайды.

# БАУЫРЛАРЫН ҚҰТҚАРДЫ

**Қызылорда қаласында тұрғын үйден шыққан өрт кезінде өрімдей қыз бауырларын өлімнен арашалап қалды.**

Оқиға бейсенбі күні түскі сағат 12.00 шамасында М.Мәметова көшесіндегі №12 үйде болған. Өрт салдарынан 5-12 жас аралығындағы 4 бала көмірқышқыл газына уланып, облыстық балалар ауруханасына жатқызылды.

«Айта кету керек, 11 жастағы Аружан бауырларын өрт сөндірушілер келмей тұрып, сыртқа шығарып үлгерген. Алайда, өзі де зардап шекті. Қазір барлығы ауруханада», – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өкілі Айгүл Нұрманова.

Өртті жоюға Қызылорда облысы Қызылорда облысы ТЖД Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің қызметкерлері мен техникалары жұмылдырылған.


# ДҮНИЕДЕГІ ЕҢ ЖАҚСЫ СЫЙЛЫҚ, – ОЛ ДЕНСАУЛЫҚ!

**Біз жақындарымызға көбінесе не тілейміз? - әрине, денсаулық: зор болсын, бәрінің дені сау болсын деп тілейміз. Қазір отбасы денсаулығын сақтау және оны арттыра түсуге көмектесетін өте жақсы құрал бар. Ол құрал – Жаңа жылда жаңа өмірге сенім беретін, мол мүмкіндігі бар АЛМАГ-01 магнитті терапияның медициналық аппараты.**

АЛМАГ жүгіртпелі импульсті магнит өрісімен емдейді. Остеохондроз кезінде, арқа немесе мойын ауырған кезде АЛМАГпен бірнеше сеанс ауыруды басуға мүмкіндік береді. Артроз және артрит кезінде АЛМАГтың төрт индукторларының магниттік өрісі ауыратын буынды еселеп қоректендіруге және оның функцияларын қалпына келтіруге ықпал етеді. Қан қысымы кезінде АЛМАГ-01 әрекет етуі қысымды тұрақтандыруға ықпал етеді. АЛМАГты тамырларды емдеуге қолдану мақсаты қандай? Атеросклероз кезінде АЛМАГ-01 аяқтағы қан айналымын жақсарту, ауыруды басу және ақсауды азайту үшін қолданады. Варикоз кезінде көктамыр қабырғаларын нығайтады және кеңейген көктамырдың көлемін азайтады. Қан ұю кезінде – қанның ұюын төмендетеді, ауыруды және ісінуді азайтады. АЛМАГ әрекет етуі соншалық, оны мүлдем қиын емделетін трофикалық жараларды емдеу үшін де қолданады. Ишемия, инсульт, невралгия, гастрит, жара, әйелдер аурулары, қант диабетінің асқынуы… Барлық аталған проблемалар кезінде заманауи медицинаның кереметі – АЛМАГ пайдаланылады.

АЛМАГ ауыру мен асқынуды басуға көмек бере отырып, ол үйде кез келген уақытта емделуге, уақытты, жүйкені және ауруханаларға баруға ақшаны үнемдеуге, қабылдайтын дәрілердің санын оларды толық шығаруға дейін қысқартуға мүмкіндік беретіндігімен қолайлы. Бұл үйдің көмекшісі жұмыссыз жатпауы керек: ол барлық отбасына көмектесуге қабілетті, мысалы, күйеуге – остеохондроздан, әйелге – варикоздан, анаға – қан қысымынан және ұйқыны реттеуге... ол 1,5-2 жастағы балаларға да қолданылады. Жеңіл, ыңғайлы, емдеу кезінде көмекшілерді қажет етпейтін АЛМАГ міне он жылдан аса уақыт бойы емдеу мекемелерінде және үй жағдайларында кеңінен қолданылады. Дұрыс шешім қабылдаңыз: Жаңа жылдан бастап АЛМАГ магнитті терапия аппараты сіздің денсаулығыңыздың қамын жасасын.





**АЛМАГ-01 - АУРУЛАРМЕН КҮРЕСУДЕГІ СЕНІМДІ КӨМЕКШІ!**

**Қолдану көрсетімдері**

- **АРТРОЗ,**
- **АРТРИТ,**
- **ОСТЕОХОНДРОЗ**
- **ВАРИКОЗ**





ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІМЕН МАҚҰЛДАНҒАН. ҚР-МТ-7№001382 21.08.2020 ж. дейін

**ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕРІ БАР. МАМАНМЕН КЕҢЕСІҢІЗ. Қолданар алдында нұсқаулықпен танысыңыз.**

**Акция «2015 жылдың бағасы»!**
**Өткен жылдың бағасына Алмаг – 01 физиоаппаратын алуға асығыңыздар!**
**Қызылорда қаласында 17 - 20 ақпан** аралығында **«Доктор Плюс»** дәріханасында мына мекен-жай бойынша өтеді:
**Тоқмағамбетов көшесі 1.**
**Көрме-сатылымдағы зауыт өкілінің телефоны: 8-705-746-21-71 (тегін кеңес)**

**Назар аударыныз!** Енді физиоаппараттарды салынба төлем арқылы 6% жеңілдікпен сатып алуға болады.
**ТЕГІН ШҰҒЫЛ ЖЕЛІ телефонына қоңырау шалыңыз: 8-8000-80-40-40**
Біздің сайт: **www.elamed.kz**



Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28444
Тапсырыс № 164
Электронды оқылым – 28000.